

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Жаңа көлік – жаңа мүмкіндік

Қарағандыдағы ҚР Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5451 әскери бөлімінде 21 бірлік жаңа арнайы техника кілттері табысталды. Іс-шараға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, әскери қызметкерлерге қызметтік көліктердің кілтін тапсырды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әскери бөлімге жауынгерлік міндеттерді мінсіз орындау және қоғамдық тәртіпті нығайту мүмкіндіктерін арттыру үшін беріліп отырған қызметтік көліктердің қатарында Toyota Hilux, Hyundai Tucson, Hyundai Elantra және төрт «ПАЗ» маркалы автобус бар. Айта кетейік, «ПАЗ» автобустары облыс әкімдігінің қолдауымен алынған. Ал, басқа қызметтік автокөліктер ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшылығы тарапынан қамтамасыз етілген.

– Ұлттық ұлан қатарында қызмет ету – бұл жай ғана міндет емес, үлкен абырой. Сіздерді қоғамның сенімді қалқаны, ел тыныштығын сақтайтын тәртіп сақшысы деп білеміз. Осы орайда Мемлекет басшысы азаматтардың қауіпсіздігіне айрықша көңіл бөлетінін айта кету керек. Жеке адамнан бастап, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық екенін есте сақтаған абзал. Қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету жолындағы жауапты да, күрделі жұмыс атқарып жатқан сіздерге өз тарапымыздан әрдайым қолдау көрсетуге әзірміз. Сол себепті арнайы автокөліктерді табыстап отырмыз. Бұл тек бастама ғана. Алдағы уақытта



материалдық-техникалық базаны нығайту үшін ауқымды жұмыстар жоспарлап отырмыз. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылықты нығайту бағытындағы ерен еңбектеріңізге шын жүректен алғыс айтамын, – деді өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Сәкен-тай Шекербеков те сөз алып, жаңа көліктердің маңыздылығын атап өтті.

– Бұл – біздің әскеріміздің жауынгерлік қабілетін арттыруға, күнделікті қызметімізді тиімді ұйымдастыруға бағытталған маңызды қадам. Біздің міндет – ел тыныштығын қорғап, жүктелген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындау. Ал, жаңа көліктер бізге

жеке құрамның күнделікті қызметін жеңілдетіп, сарбаздардың жауынгерлік қабілетін арттыруға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Бізге артылған сенімді ақтап, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, адал қызмет атқаруды жалғастыра береміз, – деді Сәкентай Амантайұлы.

Бұған дейін әскери бөлім соңғы рет 2013 жылы жаңа техниканы қамтамасыз етілген болатын. Араға 12 жыл салып, бөлім қайтадан заманауи қызметтік көліктерге қол жеткізіп отыр. Бүгінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге аса қажет техниканың басым бөлігі алынған. Алдағы уақытта әлі де бірнеше қызметтік көліктерді алу жоспарда бар.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Ардагерлерге қамқорлық үзілмейді

Облыс әкімдігінің қолдауымен 75 жастан асқан 50 еңбек ардагері Приозерск қаласындағы «Балқаш» оналту орталығына он күндік ем қабылдауға аттанды. Әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталған бұл игі бастама өңірде үшінші жыл қатарынан жүзеге асуда. Ардагерлерді облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков шығарып салып, сәтті сапар тіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, бұл сапарға кез келген ардагер қатыса бермейді-мыс. Жолдама мемлекеттік әлеуметтік қызмет пакетін алмайтын азаматтарға ғана беріледі екен. Құрам жасақтау тәртібі де нақты белгіленген. Атап айтсақ, қаладан – бес, аудандардан – екі ардагерден таңдалып, арнайы тізімге енгізіледі.

– Ардагерлерімізден қыркүйек айынан бастап қоңыраулар түсе бастады. Қазір бұл жобаның мән-маңызын олар жақсы біледі. Тіпті, жыл сайын асыға күтетін дәстүрлі шараға айналды десек болады. Ардагерлер 10 күн бойы сауықтыру курсынан өтіп, ем-дом қабылдайды. Ондағы мамандар әр ардагерге жеке оңалту бағдарламасын жүргізіп, қажетті емдік шараларды ұсынады.

Бұл игі бастамаға бюджеттен қаржы қарастырылмаған. Жоба толықтай әлеуметтік серіктестердің қолдауымен жүзеге асырылып отыр. Өңірде мұндай кешенді ем алу мүмкіндігі бар

мекеме тек Приозерск қаласында орналасқан. Бұған дейін ардагерлерімізді екі жыл қатарынан осы шипажайға жібергенбіз. Олар көрсетілген қызметке жоғары баға берген болатын. Биыл да таңдауды сол орталыққа тоқтаттық, – деді Ораз Қайсаұлы.

Шипажайға жолдама алғандардың қатарында теміртаулық Майра Тіулепбаева да бар. Өзі – медицина саласына 45 жылын арнаған білікті маман. Сонау жылдары жоғары оқу орнын бала дәрігері мамандығы бойынша тәмамдаған соң еңбек жолын осы бағытта бастайды. Кейін, 1990 жылдары ЖИТС дергі белең ала бастаған тұста Теміртауда індеттің алдын алу және онымен күресу орталығы ашылған еді. Сол кезеңнен бастап Майра апамыз осы маңызды мекемеде қызмет атқарып, осы салаға 25 жылын арнаған. Зейнеткерлікке де дәл осы мекемеден шығады. Десе де, еңбек жолын бірден тоқтатпай, зейнет демалысына шыққаннан соң алты жыл қалтқысыз қызметін жалғастырған.



Өзі еңбек жолын 1970 жылы облыстық клиникалық ауруханада статистика маманы ретінде бастаған. Кейін медбике, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарып, денсаулық сақтау саласына 40 жылын арнайды. Зейнетке де осы ұжымнан шыққан екен. Зейнет жасына толғаннан кейін де екі жыл бойы жұмысын жалғастырып, жас мамандарға тәжірибесімен бөлісіп, бағыт-бағдар берген көрінеді.

– Приозерскіде орналасқан керемет шипажай жайлы теледидардан, түрлі ақпарат көздерінен де естіп жүретінмін. Онда барып қайтқан зейнеткерлер де үнемі жақсы пікір айтады. Өзім де бір барсам деп жүргенмін. Алайда, осыдан төрт жыл бұрын жолда-сым қайтыс болып, содан бері ешқайда шыға алмай қалдым. Бұрын жолдасым екеуміз өңірдегі барлық демалыс орындарын аралап шығатынбыз. Биыл облыс әкімі мен үшін үлкен сый жасады, – дейді Шарапияш Қасымқызы.

Бұл игі бастама келер жылы да жалғасын таппақ. Өңір басылығы жыл сайын ардагерлерге осындай қуаныш пен қамқорлық сыйлауды басты мақсаттардың бірі ретінде айқындап отыр.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Шетсіз қаланың» шексіз мүмкіндігі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды қаласында «Шетсіз қала» бағдарламасы шеңберіндегі жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Әлихан Бөкейхан атындағы ауданда соңғы жылдары аулалар мен аллеялар жаңартылып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне бағытталған жаңа қоғамдық кеңістіктер ашылууда.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қала тұрғындары ұсынған 43 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде балалар және спорт алаңдарын салу, көше жарығын жаңарту және абаттандырудың өзге де бағыттары қамтылды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында осы жобалардың орындалу барысымен танысып, олардың сапасына ерекше назар аударды.

Әкім алдымен Майқұдықтағы 16-шағын ауданның ауласында болды. Мұнда тұрғындар үшін заманауи демалыс аймағы, балалар ойын алаңы мен спорттық жаттығу аймағы жасакталған. Аула толық жарықтандырылып, әткеншектер, спорттық құрылғылар және жаңа орындар орнатылған.

Кездесу барысында өңір басшысы аула тұрғындарымен тілдесіп, жасөспірім футболшыларға жаңа спорт доптарын сыйға тартты.

– Бұл аулада 26 жыл тұрамын. Бес балам осы аулада өсті. Қазір немерелерімді де осында серуендетемін. Бұрын ауламыз қараусыз еді, бүгінде көз қуантады. Тұрғындардың бәрі риза. Ыңғайлы әрі әдемі

аула жасағандарыңызға алғыс айтамын, – деді зейнеткер Батима Ахметова.

Түсіп Күзембаев атындағы гүлзар да толық жаңартылып, жаңа келбетке ие болды. Жөндеу жұмыстары ең алдымен 2004 жылдан бері өзгеріс көрмеген шахтерлерге арналған ескерткіштен басталды. Стела жаңа гранитпен қапталып, кейін аумақ түгел абаттандырылды. Гүлзарға жаңа тас төсемі, гүлбақтар, перголалар, композиттік мәрмәрдан жасалған орындар мен коқыс жәшіктері қойылды. Сондай-ақ ашық аспан астында ойнауға арналған шахмат үстелі орнатылды. Көпжылдық гүлдер көктемде егілмек, ал келер жылы гүлзарды абаттандыру жұмыстары жалғасады.

Сталелитейная көшесіндегі гүлзар да айтарлықтай өзгерді. Мұнда да жаңа тас төсемі төселіп, перголалар, орындар мен коқыс жәшіктері жаңартылды. Жылу трассаларының бетон тіректері ұлттық өрнекпен безендіріліп, ағаш дінгектерінің айналасына қорғаныш торлары қойылды. Көшет ретінде қызыл жапырақты үйеңкі отырғызылды. Ол аумаққа сән берумен қа-



Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Аймақ дамуының жаңа бағыты

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нүркен Кобжановтың төрағалығымен өткен кезектен тыс XXX сессияда аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселе қаралды. Сессия отырысына депутаттар мен облыстың тиісті басқармаларының басшылары қатысып, өз саласы бойынша ұсыныстар мен түсіндірмелерін ұсынды. Сессия барысында облыстық бюджетті нақтылау, ауызсу тарифін бекіту, Балқаш қаласындағы бірқатар құрамдас бөліктерді қайта атау, табиғатты пайдалану саласындағы бұрынғы шешімдердің күшін жою және мәслихат аппаратының 2025 жылға арналған қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу мәселелері талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзекті мәселелер өрісінде

Кезектен тыс сессия барысында депутаттар алдымен Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы XX сессиясының №234 «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесін талқылады. Бұдан кейін облыс бойынша ауызсуды беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген нысандардан берілетін ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшерін бекіту ұсынысы қаралды. Сондай-ақ, депутаттардың талқылауына Балқаш қаласындағы бірқатар құрамдас бөліктерді қайта атау мәселесі мен Қарағанды облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы XX сессиясының №362 шешімінің күші жойылды деп тану туралы бастама ұсынылды. Сонымен қатар табиғатты пайдалану саласына қатысты кейбір бұрынғы шешімдерді күшін жою және 2024 жылғы 12 желтоқсандағы XX сессияның №245 шешіміне өзгеріс енгізу мәселесі де қаралды.

Мәслихат төрағасы Нүркен Кобжанов жиынды кіріспе сөзімен ашып, депутаттар алдында бюджет жобасының ерекшеліктерін жан-жақты баяндады.

– Бүгін сіздердің қарауыңызға 2025 жылға арналған нақтыланған бюджет жобасы ұсынылып отыр. Бұл жоба ағымдағы жылдың орындалу нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Біз қаражатты бөлуде цифрларға ғана емес, тұрғындардың тұрмыс жағдайына, әлеуметтік қамқорлыққа, инфрақұрылымдық жобалардың тиімділігіне назар аудардық, – деп бастады Нүркен Сайфиддинұлы.

Төраға өз сөзінде бюджет қаражатының тиімділігі мен үнемділігі басты мақсат екеніне ерекше тоқталды. Ол әкімшілердің ұсынысы бойынша қаражат толық көлемде игерілуін қамтамасыз ету, жоспарланған жобаларды уақытылы іске асыру үшін нақты бақылау шаралары енгізілгенін айтты.

Сонымен қатар, мәслихат төрағасы депутаттарға облыстың қаржы саясатының тұрақтылығын және әлеуметтік маңызды жобаларды қолдауды атап көрсетті.

– Бюджет – әр отбасының өмір сапасын арттыруға арналған нақты құрал. Қаражаттың әр теңгесі халыққа тиімді жұмсалуды тиіс. Мәселен, Осакаровка кентінде екі 18 пәтерлі тұрғын үйді аяқтау – құрылыс жүргізу ғана емес, бұл – отба-

сының баспаналы болуына, жас отбасылардың тұрақтылығына жасалған қадам. Сол сияқты «Қарағанды-Балқаш» пойызы да өңірдің әлеуметтік байланысын нығайтып, экономикалық дамуға серпін береді, – деп атап өтті облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов.

Сонымен қатар, Дулат Кәрімұлы



нақты қаражат бағыттарын да жариялады.

Олар – құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына – Осакаровка кентінде екі 18 пәтерлі тұрғын үйді аяқтау, энергетика және ТКШ – Шет ауданындағы қосалқы станциялар мен электр желілерін жөндеу, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына – әлеуметтік маңызы бар тасымалдарды субсидиялау және «Қарағанды-Балқаш» жаңа пойызын іске қосу, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына – жер-кадастрлық жұмыстарды аяқтау және баға тұрақтандыру, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына – Бертис шығанағын тазалау, орман қызметкерлеріне үстемақы төлеу, туризм басқармасына – туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында бизнес шығындарының бір бөлігін субсидиялау, дене шынықтыру және спорт басқармасы мен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына – ведомстволық ұйымдардың коммуналдық қызметтері мен іс-шараларды өткізу және полиция департаментіне – тұрғын үй төлемдерін қаржыландыру.

Одан бөлек, басқарма басшысы қосымша қаражат бөлу жаңа мемлекеттік сатып алу конкурстарын талап етпейтінін және әкімшілердің бөлінген қаражатты

қаржы жылы аяқталғанға дейін толық игеруге дайын екенін жеткізді.

Ауызсу тарифі мен табиғи ресурстар

Талқылаудың өзекті тақырыбы – ауызсудың субсидияланатын тарифі болды. Энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Тілектес Досаев жаңа мөлшерлеменің әрі экономикалық негізде әзірленгенін түсіндірді.

Жаңа мөлшерлеме 2022 жылғы №180 шешімнің күшін жояды. Бұрынғы норматив ерекше маңыздағы топтық және жергілікті жүйелерге қатысты еді. Тарифтің өсуі Сәтбаев каналы арқылы берілетін техникалық судың қымбаттауымен және жаңа Су кодексінің күшіне енуімен байланысты. Нақты тарифті «Қарағанды Су» кәсіпорны Табиғи



теу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев 2018 жылғы жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесін жою және облыстық мәслихаттың кейбір шешімдерін күшін жойды деп тану бастамасын таныстырды. Бұл өзгерістер экологиялық талаптарды жаңарту және заңнамалық сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Нысандарды қайта атау маңызды

Комиссия отырысында қаралған тағы бір маңызды мәселе – Балқаш қаласындағы нысандарды қайта атау. Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Алма Шалабаева бұл өзгерістердің республикалық ономастика комиссиясының оң қорытын-

лонна орамына – Мирас, Қ.Сәтбаев көшесіне – Серпін, «ВЛКСМ-ге 30 жыл» саябағын – «Достық» атауымен қайта атау және Садық Мұхамеджанов шағын ауданы атауын – Сыдық Мұхамеджанов шағын ауданы, К. Сатпаев шағын ауданы атауын – Қаныш Сәтбаев шағын ауданы деп транскрипциясына өзгеріс енгізу туралы облыстық әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімі жобасы әзірленді. Қазіргі таңда кәсіпкерлік палаталарынан, Қоғамдық Кеңес, жоғары оқу орындары тарапынан тиісті сараптама-лар алынды, – деді Алма Шалабаева.

Қоғамдық тыңдауларға 413 тұрғын қатысып, оның 410-ы ұсынысты қолдаған. Бұл қадам тек формальды өзгеріс емес, тарихи тұлғаларды құрметтеу және өңірдің мәдени келбетін жаңғырту жолындағы маңызды



монополияларды реттеу департаментінде қорғайды. Бұл – шешім су бағасының тікелей өсуін білдірмейді, керісінше, субсидиялау механизмін заңнамаға сәйкестендіру.

Жиында табиғи ресурстарды реттеу мәселелері де талқыланды. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды рет-

дысымен бекітілгенін атап өтті.

– Республикалық комиссия шешімі бойынша қаланың 9 нысанының атауы өзгереді. Атап айтсақ, 10 шағын ауданға – Ер Жәнібек батыр есімін, 90 орамға – Бейбітшілік, Цветочный тұйық көшесіне – Қызғалдақ, Станционная көшесіне – Жолашар, Мехко-

қадам. Ер Жәнібек Бердәулетұлы, Қаныш Сәтбаев, Сыдық Мұхамеджанов сияқты тұлғалар атауы қалпына келтіріліп, жас ұрпаққа үлгі болып отыр.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КӘСІПКЕРЛІК

Инноваторлар ортақ шешім іздейді

Бірқатар серіктестік атаулысын бір алаңға біріктірген «Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығы» өңірдегі қоғамдық кәсіпкерлікті дамытуға арналған дөңгелек үстел өткізді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты Кенжеғұл Сейтжан, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі Әмин Аскеров, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев, сондай-ақ, «Даму» қоры, «Атамекен» ҰКП, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басшылары қатысты. Олардың қатарында екінші деңгейлі банктер жетекшілері мен өңірдің белсенді әлеуметтік кәсіпкерлері де болды. Әрқайсысы әлеуметтік экономиканың нақты жағдайы мен даму үдерісіне қатысты өз ой-пікірін білдірді.

– Жуырда, біз креативті индустриялар туралы заң жобасын қарастырдық. Сол кезде мен әлеуметтік кәсіпкерлікті де осы заң аясында нақтылап енгізуді



ұсындым. Себебі, бір сөзбен айтқанда, халықтық кәсіпкерлер қоғамға жаңа идеялар мен құндылықтар әкелетін жаңашылдар, креаторлар. Бүгінгі қолданыстағы заңдарда мұндай түсінік бар. Сондықтан, оны креативті индустрия шеңберіне бекіту маңызды деп есептеймін. Әлеуметтік кәсіпкер дегеніміз, тек табыс табуды

емес, қоғамдағы маңызды қордалы мәселелерді шешуді мақсат ететін жан. Мысалы, олар мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жұмыс орнын ашу, оларды еңбекке бейімдеу, табыс табуға мүмкіндік беру арқылы мемлекет инвестициялаған ресурстарды экономикалық айналымға қайта енгізуге оң ықпал етеді. Өкінішке қарай, мұн-

дай модельді әлі толық түсінбейтін мемлекеттік қызметкерлер де бар. Сондықтан, осы сынды пікір алмасу алаңдарының маңызы зор, – деп ағынан жарылды халық қалаулысы Кенжеғұл Социалұлы.

Іс-шараны «Respublica» партиясының Қарағанды облысындағы филиалы жанындағы аймақтық кеңес мүшесі Әрі әле-

уметтік инноваторлар қауымдастығының аймақтық өкілі, әлеуметтік кәсіпкер Даурия Байконова ұйымдастырды. Оның айтуынша, әлеуметтік кәсіпкерлік қазақстандық экономиканың тың бағытына айналып келеді. Және бұл бағытты жүйелі түрде дамыту – уақыт талабы. Ұйымдастырушылар қоғамдық маңызы бар жобаларды жүзеге асырып жүрген кәсіпкерлер мен мамандардың басын қосып, саланың даму келешегін, тәжірибе алмасуды және іскерлік байланыстарды нығайтуды көздеген. Қатысушылар соңғы жылдары халықтық кәсіпкерлікке қызығушылық артып келе жатқанымен, жаңа сын-тегеуріндердің де бой көрсетіп отырғанын атап өтті. Сарапшылар болса, өз тәжірибесімен бөлісіп, түрлі кедергілер мен оларды еңсерудің жолдарын нақты мысалдармен көрсетті. Асылы, «кез келген қаражаттың қайтарымы бар» дейтін экономистер қауымының мәшһүр қағидасы бар. Қарағанды өңірі алғашқы болып әлеуметтік кәсіпкер мектебін ашқан. Әйтсе де, аймақ бұқаралық бизнес тұрғысында ештеңе кенжелеп қалғандығын сарапшылар жасырмады. Бүгінде өңір осы сапта 13 орынға табан тіреген. Статдеректер солай дей-

ді. Дүние жүзінде 12 млн-ға тарта «халықтық кәсіпкер» бар көрінеді.

Жиынның негізгі бөлімінде кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жол картасы таныстырылды. Құнды құжат аймақ үшін алғаш рет ұсынылып, қатысушылардың қызу талқысына түсті. Дөңгелек үстел қорытындысында осы мәселелерді еңсеруге бағытталған нақты ұсыныстар легі әзірленіп, әлеуметтік бастамаларды қолдаудың алдағы теңгерімді тетіктері белгіленді. Кәсіпкерлер, сарапшылар және қолдау құрылымдарының өкілдері өз тәжірибелерімен бөлісіп, бірлесіп дамудың жолдарын айқындады.

Басқосу барысында саладағы мемлекеттік қолдау тетіктері де сөз болды. Халықаралық тәжірибе де назардан тыс қалмады: кей елдерде әлеуметтік кәсіпкерлік экономиканың дербес драйверіне айналып үлгерген. Қарағандыдағы сындарлы диалог алаңы әлеуметтік кәсіпкерліктің соны кезеңге қадам басқанын көрсеткендей. Ең бастысы, қоғам игілігі үшін жасалған әрбір баянды бастама осындай ашық пікір алмасулар арқылы нақты іске жақындай түседі.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО


«Бозторғайша шырылдап бұла таңнан,

Ұлттық рухтың жоқшысы

Қаламгер Өмір аға Көріпұлының биылғы 85 жасқа толуы қарсаңында оқырмандардың осынау даңғайыр суреткердің осы уақытқа дейін қаламынан туған шығармаларын еске алып, өзінше ой түйетіні анық. Жазушылық жолын өлеңмен бастаған оның «Сарыбел сазы», «Ескі табан», «Атаның баласы», «Серілер мен перілер», «Белес» сияқты кітаптарындағы қыруар әңгіме, хикаяттар, «Бұрқак», «Тайталас» романдары, басқа да жанрда жазылған дүниелері – бәрі де оны сарабал суреткер деңгейіне көтерді...

Сөз жоқ, сексеннің бел ортасына еңтікпей, еңселі күйінде жеткен қаламгердің оқырман қауымымен жүздеспекші болуы әлдебір сый-сияпат, марапат дәметуі емес, ағынан жарылып, халқымен сырласуы, оған есеп беруі деп қабылдадық. Жасырмайық, біз құрапылардың көбі кезінде әйгілі классиктердің, олардан кейін шыққан серпімді топ өкілдерінің дүниелерін іздеп жүріп оқыдық, алайда бір өзі қазақтың рухани шүйгіндігінен нәр алып, содан қанаттанып, ұлт рухының жоқшысы боп жүрген еңбеккор қаламгер Өмір Көріпұлының шығармаларын оқуды сәл кештеу бастаппыз. Оның үстіне жазушы әдеби орта қалыптасқан Алматыда немесе қалалардың бірінде емес, ауылда ғұмыр кешіп келеді, біздің кештеу қозғауымызға ол да себеп болған сияқты. Ертеректе Алматыдағы бір ықшам басқосуда Сер-аға (С.Киратаев), Н.Ғабдуллин, Б.Сокпақбаев, т.б. ғалымдар мен жазушылар ортасында болғаным бар. Сонда Бердібек Сокпақбаев өз романында айтқандай, «Ауылда тұрғым келді, әйгілі жазушылар Түргенев, Толстой, бертіндегі Шолоховтар ауылда тұрды ғой, бірақ мен олардай бола алмадым, әдеби ортада болу үшін Алматыға келдім, шынымды айтсам, ауылды әлі де сағынамын», – деп отырды. Ауыл біздің Өмекең үшін өзінің ақ пейілі мен тазалығындай, күнәдан пәк, періштеден таза, табиғаттай бұла, бәріміздің қанаттанған киелі ұямыз ғой, ...міне, жазушы сол ауылдан ұзаған жоқ, өзіне абырой, даңқ әкелген өлмес туындыларын дүниеге әкелді. Ол үшін ауыл тек киелі атамекен ғана емес, адамтану ілімін меңгеруге алғышарттар жасаған ұлы даланың өркениеті мен мәдениетін аңартқан кеңістік еді. Біздің пайымдауымызша, Ақселеу Сейдімбек ұлы дала мәдениетін ғылыми тұрғыдан саралап дәйектесе, Өмір Көріпұлы құдіретті сөз өнерімен кескіндей алды. Ол дүние жүзін аралап, елес қуған жоқ, қиял-ғажайыпқа толы оқиға, құбылыс іздеген жоқ. Өнерге, әдебиетке қатысты түрлі дау-дамай, текетірестерге барған жоқ. «Мен ұлымын, атақтымын» деп кеудесін керген жоқ. Өзін тірісі бар, бақилық боп кеткені бар, ешқандай классикпен қатар тұрмын деп те есептеген жоқ. Ол қаймағы бұзылмаған күні кешегі қазақ қоғамының толық болмаса да, жұқанасын сақтап қалған ауылдан өз кейіпкерлерін тапты, солармен бірге жүріп, бірге тұрды, солар жұтқан ауамен тыныстады. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмыс иірімдерін біздің мына беймаза, аласұрған, арпалысқан, күнәкар (тоталитарлық тәртіп бодандық қамытын кигізген) дәуірімізге астарлап алып келіп, жалын оқырманымың санасына ишаратпен, ...«Осы біз кімбіз? Не үшін өмір сүріп жатырмыз? Біздің өмір сүрудегі мақсат, мұратымыз, өміріміздің мәні мен мазмұны неде?» деген сауалдарды сіңірді. Соның нәтижесінде әңгіме, хикаяттарындағы Нияз, Бейіс, Дүрбек, Қадір, Сарыауыз, Шырын, Дастан, Әбіләш, Ораз, Ақбөпіш, Әбілмансұр, Абылай, «Тайталас» романындағы Есей, Таңғалды, «Бұрқак» романындағы Ақтан, Алсулар дүниеге келді. Түрлі мінез иелері. Осылардың көркем бейнесін сомдаймын деп жазушы әдеби-

ет қаншалықты жерден уақыттық мәнге ие десек те, сол өзі суреттеген кезеңнің заман ығына жығыла кетер жылпос, жылмақайына айнала алмады. Оған кедергі келтіріп, ондай қадамға барғызбаған да сол қазақтың тектілік мінезі еді... Бір ой келіп отыр. Егер ақ-қараны қапысыз айыратын, қара қылды қақ жаратын әрі әділ, әрі қатал сарапшы (оппонент) табылып, күні кешегі дәуірде қазір өзіміз мансұқтау жатқан уақытқа қалтқысыз қызмет еткендерді анықтап, бірін ақтап, бірін кінәлап «үкім» шығарса, (әрине, халқымның көсегесін көгертеді деп сенген, алайда, үміттері ақталмайтынын кеш ұққан тұлғаларды жаппай кінәлау ессіздік), біздің қаламгер ағамыз Өмекеңнің шашына шаң жұқтырмай, еңселене түсетініне бәс тіге аламыз. Зерделей қараған жан Өмір Көріпұлының стихиясы тоталитаризм идеясын емес, ұлттының мына жұмыр жердің бетінде ғұмыр кешіп жатқан ұлт пен ұлыстың көбінен бәсі биік, рухы асқақ еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқатын әрі дарқан, әрі мәрт қазақ елі, оның ғаламат бай тарихы, болмыс-бітімі,



Өмір ұстаз өмір жайлы үйреткен...

Бала соқпақ, күре жолға жалғасты,
Күндер жылжып, айлар жылға алмасты.
Момақандау менің бала дәуренім,
Жауқазындай бүршік жарған

алғашқы...

Әлі есімде, қоржын мектеп, қоңыр күн.
Бұл өмірдің болжап білген соңын кім?!
Сары белдің сағым нұры сияқты,
Сол күндердің мөлдір мұңын сағындым.

Жаныма нұр, бұла шабыт сыйлаған,
Қараша күз, қаз қаңқылы, күйі ғалам.
«Ақын бала, өлеңіңді оқы» деп,
Өмір ұстаз кекілімнен сипаған.

Буырқанып сол бір сөздің мәніне,
Құлақ түріп қайтқан қаздың әніне.
Аялаған алақаны ұстаздың,
Қуат беріп келе жатыр әлі де.



Бала едім ғой, тал шыбықты сүйреткен,
Есті жиып, ел сыйлайтын күйге өткем,
Өзің салған сара жолды жалғадым,
Өмір ұстаз өмір жайлы үйреткен.

Ей, адамдар, бұл сөзімнің мәні бар,
Ақыл айтар ағайын көп табылар.
Көшелі оймен көш бастасам бұл күнде,
Көкірегімде ұстазымның нәрі бар.

Ардақ тұтқан алты Алаштың баласы,
Өмір ұстаз зерлі тонның жағасы.
Сізге қарап құбыланы іздедім,
Менің бала дәуренімнің данасы.

**Қойлыбай АСАН,
«Құрмет» орденінің иегері,
ҚР мәдениет қайраткері,
филология ғылымдарының докторы,
профессор**

рухани дүниелерінің пәктігі, шұрайлы да шүйгінді екендігін аңсап, сағына отырып, кіршіксіз ақ қағазға түсіру еді. Осы міндетті абыроймен орындауға тырысқан суреткер киелі өнерде ешкімге ұқсамас өз сүрлеу, соқпағын салды, ешкімге еліктеп, тамсанып, таңқалып, солықтаған жоқ. Бір ғажабы, «стиль-адам» (Бюффон) тұрғысына ден қойсақ, қаламгер енген қазақ әлемі оны биіктегіп, көкке көтергенін, содан да болар, оның болмысындағы тектілікті, асқақтықты, дегдарлық пен қарапайымдылықты, қысқасы, азаматтық ажарының айқындығын, кісілік келбетінің кемелдігін бажайлай қараған жан бірден аңғарар еді. Ол өзін қоршаған

ортаға, адамдарға жазушылық көзбен үңіліп, сол арқылы кез келген қаламгердің өмірдегі орнын анықтауға ұмтылды. Жан әлемі таза, жарамсақтану табиғатына жат осынау азаматтың, кісінің көлгір мінезіне, аласалығына күйініп, шалт мінез танытса, ол да киелі өнердің ықпалынан шыға алмаған кіділік еді дегеніміз орынды.

Ол сомдаған кейіпкерлер әр қазаққа етене жакын. Кәдімгі өзімізді өзіміз тағы да біліп, танып, өз жүрегімізге өзіміз үңіліп, тәубемізге келіп тұрғандаймыз. Егер теориядағы жанрдың тарихи категория екендігіне ден қойсақ, бірер жайтқа назар аударғанымыз абзал: ол – саңылақ суреткердің дүниеге келтірген образда-

рының, олардың іс-әрекет, пйғыл, мінезінен туындаған алуан түрлі үлкенді-кішілі оқиға, құбылыстардың қатаң түрде бір арнада, бір жүйеге бағынуы. Мейлі, кешегі өмір немесе бертіндегі, тіпті, мына бүгінгі уақыт тұтаса келіп, жылын байката қоймай қазақ атты ұлттың өзіне тән құндылықтарынан бастау алып, өмір атты ұлы керуен-көшті сұңғылалықпен суреттей өтуі Өмекеңе жоқшы деген атқа лайықтығын айғақ дер едік.

Осынау бір тұтастықтың, аса берік жүйенің үйлесіле табуы адам атты ең күшті, ең құдіретті жаратындыны шама-шарқынша зерделеу дейік, оны екінің бірі жүзеге асыра алмайды, Жаратушы ие әр пендесіне ырзық, несібе үлестіргенде, Өмір Көріпұлына талант, дарынды да еншіге берген сияқты дейік, алайда суреткерді рухтандырып, қанаттындыратын жайтты қаламгер өзі тауып алған-ау деген пайымға келдік. Ол жайт, яғни, қаламгер талантына рух берген мыналар екен. Жазушы еркін, азат, ешкімге соқтықпаған, ешкімге бас имеген, әлемдік деңгейдегі жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына өлшеусіз үлес қосқан халқын, оның сонау замандардағы үміті мен күдігін, жасампаз рухын, ешкімді жатсынбайтын гуманизмін пір тұтып, соларға табынған екен. Қазақ тарихында туған жер, тас босаға, тал бесік үшін қу далада тәні, құба түзде көрі, құба белде елі қалғанша жанын пида етіп, басын бәйгеге тіккен, қол бастаған, сөз бастаған жампоздар көп болған. Содан да болар, осылар қаламгерге өзгеше бір идеалға айналған да, автор солардың «тұтқынынан» босай алмай қалыпты, осы бертінге дейін менің пұшайман болған кезімнің куәсі болған деп, сырды жасыру үшін Абылай сұлтан Оразды өлтіріпті деген әрі ауызша, әрі жазбаша (тарихи романда бар) дүниелерде кездесетін әңгімені жокқа шығарып, тарихи дерекке бұлтартпайтын айғақтар тапқан екен. Мына ғаламатты қараңыз, өзі тұңғығынан шыға алмай қалған әлемнен оның кейіпкерлері де «шыға алмай» қалған, ал бұның өзі суреткерге адам – уақыт – қоғам – тарих төрттабынына өз уақытының биігінен үңілуге мүмкіндік берген сияқты. Кешегі уақыт аясындағы кейіпкерлер белгілі бір дәрежеде бүгінгі кейіпкерлерге аз да болса, өз әсер-ықпалын тигізген ыңғайлы, сойтіп, оның бүкіл шығармаларына тарихи сипаттарды дарытып тұрғандай... Дәстүр жалғастығы, сабақтастығы іспеттес... Ал, бұл сабақтастық қаламгерге ата-баба естелігінің үзік-үзік болмауына күш алғы-

зғандай, ал Өмір аға адамзат зердесінің бірден-бір жоқтаушысы болғандардың қатарына жататындықтан, тарихтың әлгі үзік-үзік жыртықтарын (біз тұтас тарихымыздан, тіл мен діл, діннен айырылуға шақ қалған ұлтпыз) аз шығармаларымен жамап, жасқауға ұмтылған. Қашан да дүйім халқының қуанышы мен қайғысын шығармашылығына терең арқау еткендер ғана халық азабы мен кегін, қуанышы мен қайғысын тарихи тұрғыдан жырлай отырып, оны тұлға ретінде шабыттың шаңқан биігіне көтерген болса, танымал деген атқа ие бола алады. Өмір Көріпұлы қазаққа тән өзіндік ұлттық болмыстың күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра алды дегіміз келеді. Кешегі уақыт аясындағы қазақтың тектілікке негізделген, айрықша дараланып, шоқтығы биіктеп тұрған ұлттық болмыс-бітімі Өмекең бойындағы дала табиғатының мінезіндей стилі арқылы кескінделген, жазушының даланың еркін, қайсар мінезді перзенттерін іздеген сартап сағынышына ұласқан. Оның әңгіме, хикаяттары мен романдарындағы, публицистік еңбектеріндегі ұлттық бояудың шымқай айқындығына тәңті боласың, нәзік лиризм, тіл орамдылығы терең философия, ұтымды психологизм элементтері тұтаса келіп, тұлпар тұрпатты, сұңқар қанатты, тұғыры биік, замана желі қай жағынан соқса да, өзінің тура пікірін таясалмай айтатын қаламгерлердің қатарына Өмір Көріпұлы сияқты қарымды қаламгерді де қосты дегенді баса айтқымыз келеді... Асылы, әдебиет – киелі өнер, оған эксперимент жасау күнәға жатады. Талантты жазушының өз идеяны, ұстанымын, шыңғырған шындыққа негізделген негізгі ой, идеясы болады. Өмекеңнің шырылдап, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ұйқыны да, күлкіні де ұмытып, атай салып жүргені, жанын жегідей жеп жүрген жайт «қазақтың мойнынан қамыт түсті, яғни бодандықтан, тәубе, құтылдық, ал санадан ше?» деген сауалға жауап іздеуі еді... Қытымыр заман (бодандық дәуірі) артта қалды, сол замандағы қатал жүйенің аяз, ызғарын женетін адам жанының мейірімге толы, інкәрлікке ұйыған, адалдық пен әділетке жүгінген жылуы болатыны анық. Ол – әдебиет. Өнер. Бұрын болған, бүгінгі уақытта да бар, ертең де бола береді. Оның өміршенділігі де, мәңгілік ғұмыр кеше беретіндігі де өнерді жасаушыға байланысты.

Ал, адам баласы айта алмаған ақиқат, тылсым күш, киелі деп есептелетін жайттарды тек сол өнер туындысы ғана айта алады. Демек, бұрын да, бүгін де, ертең де ұлттық идеологияның қайнар көзі өнер болған, яғни, әдебиет. Өмір Көріпұлы, міне, сол киелі өнерді жасаушы. Саф таза, періштедей бейкүң өнерді. Осыдан біраз жыл бұрын, қаламгердің мерейтойына қатысты қаламызда өткен бір басқосуда Р.Қошқарбаевтың Б.Момышұлына қатысты «...халық Байқен екеумізді батыр дейді, бірақ батырлық белгілерің қайда деп сұрамайды» дегенін келтіріп, сөз сөйлепек, соны тағы да қайталады деп есептесе екен жұртшылық... Өмір аға Көріпұлы үшін ең өшпес белгі, жоғары мәртебе мен марапат ормандай оқырманының ықылас, пейілі, махаббаты мен сүйіспеншілігі дер едік...

Сарабал қаламгер Өмір Көріпұлы туралы көп айтуға болады. Біз мейлінше ықшамдап айтуға тырыстық. Сөз соңында өмірде де, өнерде де абыз ақсақал деңгейіне көтерілген Өмір аға Көріпұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілегіміз келеді.

**Мәуен ХАМЗИН,
филология
ғылымдарының докторы,
профессор**

Ағатайым

(Бар ғұмырын дос жинауға арнаған адам)

Кісінің танымалдығы – өзінің бойындағы тамаша қасиеттердің сыртқа көрінуі ғана. Жазушы Өмір Көріпті бір көрген адам оның танымалдығы мен беделін байқамай қалуы мүмкін емес. Үкілі Ыбырайдың «Аралап талай жердің дәмін таттым, құс салып айдын көлде дабыл қақтым» дегеніндей, осы ағам жас кезінде қандай болды екен деп ойлап қоямын. Бұл сауалыма жауапты «ауылдың Шолоховы» атанып жүрген Өмекеңнің шығармашылығымен танысқанда тапқандай болдым.

Әр сөйлемі шиыршық атып тұрмаса да, әр сөзінің ауқымы буырқанған теңіздей шексіз, түпсіз шыңыраудай терең, қорғасындай ауыр, аккумулят қауырсынындай жеп-жеңіл!

Жазарын сюжетке жекпей-ақ, кейіпкерінің ойын іс-қимылымен айғақтайды. Жағымдысын да, жағымсызын да сол сәтте бағдарлай қоясың. Өзің білетін әлдекімдердің портретін көлкілдетіп көз алдына тосып отырады. Өмекеңнің хикаяттарының айғақтығына шүбә келтіре алмайсың. Ағатайдың санасымен қоры-

тылған дүниені ағатайдың көзқарасымен бағдарлаймыз.

Соған қарап, ағаның соны идеялары бозарып атқан таң шапағатымен шоғылып, күнмен бірге туады ғой деймін.

...Бірде ат басын арнайы келіп Акадырдағы Өмір ағаның үйіне тірегенбіз. Оншақты жігіттіз. Өзімізше өңкей ығаймыз. Ішімізде ақылы кемтар ер-азамат жоқ. Ақын да, жазушы да, ғалым да, журналшы да бәрі қасымызда.

Жып-жылы көңіл мен ыстық ықылас жайғасқан жерде тек жақсы әңгіме айтылады. Тез-ақ жайылған дастарқан басында талай оқиғаның тиегі бапталды. Асықпай сөйлеп, өзі туралы көп айта бермейтін Өмір

аға, сонда соңғы кітабының шығу тарихын баян еткен. Бұл – жазушы ағайын кім көрінгенге айта бермейтін жағдаят. Демек, ағамыздың сәлем салуға келген мейман жігіттерді өзімісінгені, бауыр тартқаны.

Өмекеңді қашан көрсеніз, сол сәтте шапан жамыласыз. Әдемі, бойыңызға құйып қойғандай оптимистің жібек шапанын. Онысын орнықты ойымен, ойнақы әзілімен шашбаулатып қоятыны тағы бар.

Физиологтардың айтуынша, адам өмірі үш бөліктен тұрады екен. Сәбилік, жасөспірімдік, ержеткендік пен қариялық. Пәлсапашылардың пайымына сенсек, өмірде екі-ақ кезең болады. Ол – санның пісуі мен жетілуі ғана.

Физиологтарша есептесек, 85-гі төртке бөлініз. Сонда ағатайым әлі жігіттің кемелденген жиырма бесіне де жеткен жоқ! Пәлсапаласак, қылшылдаған қырықтың жалынан ұстап тұрған кезі.

Аман болыңыз, ағатай! Соңыңыздан ерген, сізден тарап жатқан жарық пен жылуға құмартып, жетіле түсуге қол созып жүрген інілеріңіз өзіңізді іздейді.

Бар болыңыз!
Жар болыңыз!

**Нұрхан МЫНБАЙ,
Халықаралық Журналистер
академиясының академигі
АСТАНА**

Даладан қаламына қуат алған»

Жұптастар



(Әңгіме)

Қатарынан бір жеті әңкілдеді. Аздап саябырсып алады да ызғырықтап қоя береді. Тал-теректерде нұсқын қалмады. Әлжуаз сарғылтым жапырақтарын сыпырып-сыйырып тіке тонап екетті. Ауыл шетіндегі бұзылған үйдің алдындағы жалғыз талдың да жұлма-жұлтасын шығарды. Діні жуан бұтақты келгенімен, жапырақтарын қайырымсыз қатыгез желден сақтап қала алмапты.

Бипаз жадау тартқан жүденкі талды төніректеп жүріп алды. Шешесінің көзіндей ыстық көрінеді. Марқұм анасы өсімдікті баласындай мәпелеуші еді. Ауланы алуан түрлі гүлмен көмкеріп тастайтын. Мектептен оралған соң, бақшалыққа көңіл бөлетін. Онда бұл тым жас еді. Тұлымшағы желбіреген ойын баласы шешесінен көргенін істеуге шешенді қарамағына көшті. Обалы нешік, жұмсақ келді бұған. «Ананы істе, мынаны істе» деп жұмсағанына алғашқыда көңіге алмады. Соңынан ертін іні тауып бергені үшін өгей шешенің түрпегіне көнбістік танытты. Үйдің отымен кіріп, күлімен шығуға еріксіз көндігіп, шаруақор боп алған еді. Соның салқыны ма, сабаққа онша ынтасы түспеді. Әкесі мал өсіруге кірісті. Алған әйелі майсалпактау шаруаға қырсыз. Бар салмақ Бипазаға түседі. Сияр сауып, сүттен қаймақ айырады. Қымыз баптайды. Іркіт жиып күрт қайнатады.

Жырма шақты үйлі ауылдың күйбені мимырттау көрінгенімен, тұрғындарында мазасыздық басым еді. Тақта жол ауылды іргелей өтетіндіктен, барыс-келіс өз ыңғайымен жүріп жатады. Сауда-саттықта іркіліс жоқ. Бір ыңғайсыз жері – бұл жақтан кетпесе, көшіп келетіндер жоққа тән. Ауыл тастыдаған көлшікетті орта түсіп барады. Төрт түлік мыңғырайын деп-ақ тұр, малды қоғамдайтын адамдарда ынта жоқ. Ансары қалада. Қыздардан Бипаз ғана, өзгелері оқуда. Оқуға түсе алмағандары күнкөрістің күйбенінде. Жігіттер кәсіп іздеп кеткен. Бірді-екілі баласын әке-шешелері аяқтарын шырмап отау шығарған.

Бипаз қаланы сағалаған құрбыларына еліге қоймайды. Еңбекке алданады. Таңнан қарша кейін дамылдық көрмей, жатар орынға сүріне жығылады. Кішкене інісіне ғана көңіл бөліп, сонымен аздап алданады. Тытықтап шаршағандық па ұйқысы қатты. Түсінде үнемі жолға жиналып, бір жаққа жүрмекші боп жатады. Үйден шығарда бірденесі ұмғыт қалғандай артына қарайла-й береді. «Кетпеші, кетпе!» деп бақырған інісінің дауысынан ояна келеді де, жүрегінің дүрсіліне құлақ түреді. Жетім жүрегі әлденені аңсайтындай ма? Торға шырмалған құсша бұлқынып, бой бермей кетеді. Ұйқысы ашылып, жейі болмағанда өзі шыр етіп дүниеге келген ескі үйді төңіректейтін қашанғы әдеті-тін. Жапырақтарынан түк қалмаған қорғанысз талды аяп кетті. Артынша өзінің де жетісіп жүргенінен есіне алып, қияс ойға берілді. Ғайыптан бұған қанат бітіп, көк жүзінде құсша самғаса ғой, шіркін! Жарайды, биіктеп ұлшсын-ақ, қайтып кеп қонатын тұғыры мына жетім тал ма?

Ол қапелімде өз ойынын ерсілігіне қуыстанды. Шешесінің інісі «ыңғайлы жұмыс тауып қойдым, тез жетсін» деп сәлем айтып қалы олқылы-толқылы. Әкесін де аяйды. Қолғабыс беретін жанашырға зору. Әрі кішкене бауыршын қимайды. Артынша қатайып алады. Мұңсыз-қамсыз ойын баласына бәрі бір емес пе!? Сонда мұның көзден кетсе де, көңілінде ұстайтын кімі бар? Әкесінің күйбені бір басына жетерлік. Інісі ойын баласы. Ал, шеше? Ішінен шықпаған соң ол да бұған салқын тарта береді. Анасы түсті есіне. «Қалкам-ау, неге жадырап жүрмейсің? Әкен жайдары, мені де қабағым ашық. Кітапты көк оқисың, содан жүрегіңе бірдене

жамағаннан саумысың?!» десе, Бипаз естиярлығына бағып: «Адамдар қызық, бір-бірін өтірік сөйлеп алдайды», дейтін. Онда бұл он төртте ғана болатын. Содан бергі жылдарда керт басынан нендей қиыншылық өтпеді дейсін? Алдау былай қалып, адамдар осы күні бір-біріне суық бауыр рақымсыз. Есіл-дерттері – дүние. Баюдың жолында жеке бастарын да құрбандыққа шалып жіберуден тайынбас. Осы заманғы үлгімен бой көтерген еңселі үй төбесінен басады да тұрады. Іштегі сәнді жиһаз бөтен үйдің мүлкіндей көзіне жат көрінеді. Жалтыраған әсем бұйымдардың кісіні арбайтын сиқыры бар тәрізді. Одан «көгілдір айнаның» ертегісі басталады. Бір ауық өзімен-өзің арман-аңсауынды қиялмен қуалағанға не жетеді?

Бипаз талды төніректеп жүріп алды. Қазанның дауылы өз міндетін асыра орындапты. Сандаған сарғылтымнан ырымға екеуін ған қалдырған. Қорғанысз қос жапырақ күзгі ызғырықтан қалбалақ-қалбалақ етіп, үзіліп түсуге шак тұр.

Әзірше жел өтіне берісетін түрі жоқ. Сонда бұларға жансөбілдік қайдан келген? Бәлкім жұптастықтан шығар? Бәрібір үзілмей қалмайды. Сөйткенмен де, қытымыр табиғатқа шыдас бергенінің өзі неге тұрады?

Бипаз қоңылтақсыған сезімде төңірегіне секемдене қарады. Ауылдың көк желкесінен төнген қожыр тасты қотыраш шоқаның қабағы түйіліңкі еді. Алыстан көрініс берген ірге таулар да бір түрлі сұхты. Сиярдың бүйрегіндей буылтық-буылтық қырқалар да жылан жонданып алған. Бұлыңғыр күздің қырыс қабағынан жадау тартқан белендер де бұйыққан көңілісіз кейіпте еді. Мына көз алдындағы жалғыз талдың да сүрені ішін мұздатып барады. Аңғал-саңғал несіз үй тіптен жабырқатты. «Жазғыра көрмеңдерші, – деді ол іштей, – Маған оңай деймісің? Жалғыздықтан жалықтым әбден. Тағдырымен тайталасқан қосжапырақ құрлы жоқпын».

Сөйткенше, ту сыртынан ат тұғының дүсірі шалынды. Екінідеп жеткен Ерғеш: – Маған қарызға ақша бере тұршы, – деді түк іркіліссіз. – Басым екетіп барады.

Бипаз одан басқаша сөз күткен еді. Ұста-та салды қолына іліккенді.

– Мынауың артық, – деді ерге бір жам-бастаған ол екі мың теңгелікті демімен үрлеп. – Бір жартылыққа шақта.

– Кетемін ғой, – деді қыз қалтырай күрсініп. – Менен аларыңды қамтып қалсаншы, – Жігіт басылып қалды. Аттан түсті де, талға енгеледі.

– Оңтайлы екен, – деді қисық-қыңыр жуантық бұтаққа саусақтарын жұғыстырып.

– Неменеге?

– Жәй әшейін, – деді ол ауыр теткіп. – Сендер мені түсінбейсіңдер ғой.

Қыз қолайсызданды. Араққа емес, Ерғештің мейірімге шөлейтігін ептеп сезетін еді. Қанша ішкенімен артық-ауыс сөзін естіген емес. Анда-санда бұдан ақша сұрайтыны бар. Жапсарлас ауылда тұратын еді. Әке-шешесі машина апатынан майып боп кеткен соң, осындағы апа-жездесінің қолына келген. Бітіретін шаруасы ауылдағы малын қарауылдайды. Қыл-аяғы бұзауларға шейін осының назарында. Ұш аяқты тырылдақтан бір түспейді. Жездесінің малшысы есепті Ерғеш ауылдың қара-құрасына ма-көз болуды да өз міндетіне алып алған. Баңғайдағы ауылдардың жылқысын қарақшылар айдап кетіп жатқанда, бұлар тыныш. Құс ұйқылы ол көк желкедегі биік шоқыдан түнді күндіз-гідей көрсететін дүрбісімен жайылыстағы жылқыларды қалт жібермей бақылайды. Асай-мұсайы сайлы қарулы жігіт анау-мынау ұрыдан ығыспайды. Содан да ұрылар бұл маңға жуымайды. Содан соңғы бір ермегі сырнайға дауысын қосады. Аса екетіп бара жатпағанымен, жұғымды қоныр үнмен неше қилы әнге басқанда, ауылдың бар баласы соңында жүреді. Зарлы әннің баурағыш әсеріне елтіген үлкендер көзіне жас алар еді. Бипазаға мұның ән салғаны қатты әсер етеді. Әттен ішеді, соңысы болмаса... Былайғылар оны сөлекеттеу жүрісіне, оғаштау мінезіне бола «Жыңды Ерғеш» атандырып жіберген.

– Рас кетемісің? – деді ол екі мың тең-

гелікті қызға қайтып беріп жатып. – Жолыңа жарат.

– Ала берсейші.

– Болмайды. – Ерғеш басын шайқап-шайқап жіберді. – Сенен бас жазар сұрағанда... өзінді бір көргім кеп... Әйтпесе, ақшасыз емеспін. Тегін бақташы болғаным үшін мал иелері қалтамды құр тастамайды. Соның бәріне іше берсем жанып кетпеймін бе? Былайша, кеуіл көтеріп дегендей. Оның үстіне, туған ауылым есіме түсіп... қапылыста қаза тапқан әке-шешемді ойлап, – Ол көзіне кеп қалған жасын шаққа тежеді. – Көріп жүрсің ғой. Апа-жездемнің жаны ашымайды маған. Әйтпесе, Марфаның үйінде нем бар?

– Қызы бар емес пе? – деді Бипаз кескінмен. – Соны қимайтын шығарсың?

– Қимағанда... былай ғой, – деді Ерғеш саскалақтап. Ол бикештің тұрағы басқа жақта. Қаланың керімі даланың бозымын қайтеді?

– Өйтсең, оларға неге жабысасың?

– Әркімнің өз есебі бар, – деді ол бір қырындаған қалпында. Сауатын сиярларына бола, әйтпесе, олар менің кімім соншама? Және өзі бар ғой, Марфа кемпірді айтамы, ішетіндерді түсінеді. Көбірек сілтеп жібергенімде, дәмді асын аузыма тосып есімді жидырады. – Ол атты кекілінен сипап тұрып жалғастырды сөзін. – Менің мына Құбақаным бөтен адамға ұстатпайды. Өзіме тәк тұрады. Атты ерқашты қашаған ететін иесі. Мені «ішкіш, жыңды сүрей» деп әйгілейтін өздерің емес пе?

– Сенің өзің ғой менен сырт айналатын, – деді Бипаз балаша бұртнып. – Бір құлықтың суын ішкелі кемі төрт жыл болған шығар? Арақтан басқа білерің жоқ.

– Аяймын сені! – деді ол жыларман болып. – Періштесің ғой періштесің! Сүйкімдісің және өзін. Бір ішкішке қор болып жүре ме деп... тартыншақтап... Өзімді жөнге сала алмай... саған қарауға жүзім шыдамай...

Бипаз бұрылып кетті. Оның сөзі не, өзі не?! Өтірік айта салады. Ішкіште мәлім жоқ. Марфаның қызымен әуейленіп жүргенін жасырады. Керек емес. Осы ойын бекітіп көңілін де орнықтыруға тырысса да, іш қалтарысынан оған деген қиамстық байқалады. Ақ сөзі шығар деп жұбанады. Арақ ішпесе бар ма, жігітім-ақ. Өкінішін аяушылық жеңгенде: «жаман әдеттен тыйылсаң, сендікіпін деп айтсам қайтер еді?» деп және қиялдайды. Арғынша айнылды. Жігіттен де бұрын бауыр басқан мекенді қнып кету бұған ауыр соғатын түрі бар. Уақыт оздырудың амалында әр нені сылтауратып, кегегесі кейін тартады да жүреді. Бар жасайтын қайраны көзіне ыстық ескі үйге қиыстайды. Жетім талға шағынып, жылап-жылап алады.

Ертенінде тағы келген. Елбесіп-селбескен егіз жапырақ күзгі ызғырыққа беріспей қасарысып әлі тұр. Қол созымнан жоғарыдағы жуантық бұтаққа тұзақ ілініп қалыпты. Жінішкелеу кендір арқанның үзігі. «Әлгінің шығарып жүргені ғой, – деді ызалы кекесінмен, – Қорқытпақшы. Қарай гөр өзін! Еркелігің сүйіктісіне көрсетсін. Менің кімім сонша?!» Кенет, жел өтінде тербетілген тұзақ көзіне жылан тәрізденіп кетті де, Бипаз екі қолымен бетін баса қалды. Аусар жазған арақты тоя ішіп алып, талға асылып қалса не болғаны?!

Іле жолға жиналған ол жеме-жемде қатты толқиды. «Ауылдан біржолата кетпеймін ғой. Жіні-жіні кеп тұрармын», – деп жұбатты өзін. Шешесі шығар ауызда долырып, ауыр-ауыр сөзге барды. Намысына тиіп: «То-бырға қосылып жетісерсің!» деп шұриштті ерінін. Әкесі тіптен үдеген. «Сайқалдардың санын көбейткеннен басқа саған қалада түк те жоқ», – деп тіке кетті. Кішкене Жарас та бұртнып, қабағын ашады.

– Ауылдың сыртындағы күре жолға бет алған оны Марфа кемпір тоқтатып:

«Қызым, есінде жүрсінші. Осында ең жақын адамың қалып барады, – деді шынайы жанашырлық ниетте. Сенсіз оған қиын соғады. Ойлан қызым, ойлан. Екі жетіден асып кетті аузына түйір салмағанына. Ішімдікті тастаймын деп өзін қинап ашығып жатыр. Бір ауыз сөзім бар дейді саған айтатын».

Бипаз сағытына қарады. Жолаушы көлігінің бұл тұстан өтуіне әлі біраз бар екен. Ескі тұрақ жолға жақын еді. Есіне анасы түсті де, солай қарай қиыстады.

Аңғал-саңғал жер үйдің әр бұрышы көзін суырып барады. Ата-ана бауырында томпаңдаған кішкене кезіндегісі, мектепке барғандағысы, анасының мейірімге толы сүйкімді дидамы, өзінің ауылда асыр сап ойнағаны, қыршын кеткен інісін арқалап жүргені – бәрі-бәрі көз алдына келді.

Жалғыз талға жақындауға жүрегі дауаламай, бүгешектей берген. Дұзақ жіп әлі тұр салбыраған қалпында. Жансөбіл қос жапырақ табиғаттың қатал мінезіне әлі де берісетін түрі жоқ.

Осылай қарай далақтаған Ерғешке елендеген ол қапелімде бір түрлі боп кетті. Еңсесін тұқыртып адымын жаздырмаған зіл батпаннан сәтте серпілгендей бойы жеңілейіп бара жатты. Бауыр басқан туған ауылынан ада-қуде қол үзебездің сылтауы табылғанына өзін шексіз иландырған ол осында жан тартқан қимасының бар екендігіне анық көзі жеткен сезімде босаңсып сала берген-ді.

Өмір КӘРІПҰЛЫ

Бәрі де оралады...

Ай да өз орнына барады.

Қозғалған жер де өз кіндігіне тартылады.

Суалған арналар да суға толады.

Жатаған таулар да дес алып, өз шырқауларына жетеді.

Айтып отырғандарымыздың мысалын алыстан іздеп керегі жоқ. Өзімізде жетіп артылады. Мына Қарқаралы өңірінде Қаракөл деген көл болған. Сол көл жоғалып кетіп, жүз жылдан кейін табылғанда елдің кәдімгідей абыржығанын өз көзімізбен көрдік.



Біздер де түрлі ғайыппен жер бетіне шашырап кеткен жұрттардың біріміз. Әлі күнге дейін басымызды қоса алмай келеміз.

Бір бабамыз құрылықтан құрылық асып, арап жұртына барып салтанат құрыпты. Тағы бір бабамыз Шам шәріне дейін ілім қуып, көптеген ғылым бастауында өзі тұрыпты.

Сол бабаларымыз ата жұртына Бейбарыс болып, Фараб болып оралды. Жүз жылдықтардан кейін...

Бұл есімдер қазақ рухына байланып есімдер. Ұрпағымызды келер күнге сүйер есімдер.

Қазақ руханияты таза жатып қалды десек, өз бітіктігіміз. Басқасын қойғанда Алтын Ордамызды қайтарып жатқан қарекетіміздің өзі неге тұрады?!

Одан әріде тағы да кімдеріміз бар?

Баршылық, әрине!

Сол есімдерді тарих тұңғығынан алып шығып, атажұртына қайтару қолына қалам ұстап, қазақ баласына қызмет етемін деп серт ұстағандардың қасиетті парызы деп білгеніміз жөн.

Сондай қаламгерлер қатарында ауылда жатқан қарт қаламгер Өмір Кәріпұлын атаған болар едік.

Ағамыздың есімі қалың оқырманға жақсы мәлім. Төрт-бес романы бар, оншақты хикаяты бар, әңгімелері де баршылық.

Жазып келген тақырып аясын да ашып тасталық.

Қара Жер!..

Көк Аспан!..

Бұл біле білген жанға қыртысты тақырып.

Бұл қазақ дүниетанымы деген сөз!

Өмкенің «Ескі тоғаны», «Бұрқағы» классикалық қалыптағы шығармалар.

Қазіргі заман алабында мұндай шығармалардың тууы мүмкін бе деген сауалға жауап бере алмас едім.

Қазақ руханияты Фараб, Бейбарыс сынды есімдерден тұрады!

Шоқан, Ыбырай, Абай сынды есімдерден тұрады!

Асан Қайғы деп жиі айтамыз!

Және өзімізге жақындатып айтамыз!

Жұртқа сенсек, бабамыздың қайғысы қазақ баласының қайғысы екен?

Ол неткен қайғы?

Қассақ баласының басын қайтсем қосам деген қайғы!

Алтайдағы сақ баласының табан ізі Анадолыда да сайрап жатыр. Қап тауынан да әрі кеткен, Машыннан да мен мұңдалап айқайлайды!

Шерлі бабамыздың қауіп басқанда!

Осы сақ балалары жергілікті ұлт-ұлыстарға сіңіп кетпейді ме деген қауіп!

Ендігіде Қасасқияны басқа ұлт-ұлыстар мекендеп қалмай ма деген қауіп!

Бұл қауіп қазір де қазақ баласының басында тұр!

Қазақ баласы қазақ даласын тастап кетіп жатыр!

Мұнан өткен қайғы болмас!

Ендеше біз де қайғы ойлайық!

Асан бабамыздың Қайғысың!

Міне, жазушы кредосы!

Жазушы Асан бабасының есімін Асан

Шерлі деп жұқартады. Мұнан атаулы шығармаға бөлендей бір нұқсан келіп тұр деп айта алмас едік.

Ишаралап жазу бұл Өмкенің жазу машығының жүрдек тұсы. Онысы бұл шығармасында жарқырай көрінеді.

Асан Шерлі бабамызбен жер шолып, Жерұйықтың барлығына шүбәлана бастайсыз.

Шерлі бабамыз қазақ даласына кіргенде жүрісі еріксізден жылдамдай түседі. Со-

дан Ұлытау алабына келгенде бабамыздың тынысы ашылып қоя береді.

Осы алапқа келгенде бабамыздың жаны тынышталады.

Автор осы жерде бір тыныс алады да шығармасын түйіндейді.

«Асан қайғы шешілді. Көрген-баққанын жыр етті. Ұзақ-ұзақ жыр толғады...

Әлқисса, Асан қайғы бірден бірге жеткен аңызға қарағанда, ежелгі қара қоныс Сарыарқадан ұзамаған. Жерұйықты таптым демесе де Арқа даласын көңіліне тоқ санап, түйсік шөккен жерге қос тігіп

тұрақтап қалған деседі».

Бір-екі жолдан кейін бұл түйінін одан әрі күшейте түседі.

«Асан қайғы өлер шағында «Мені биікке қойындар. Халқымның алтын жүзін көріп жатайын» деп өсиет етіпті.

Ұлытаудың тұңғырында дамылдаған Асан ата елдің бекемдеп, еңсесін биіктеткен еркін қазақ халқын рухымен желеп-жебей бермекші».

Авор шешімін мойындамауымыз да мүмкін, алайда қарсы да болмайсыз. Өйткені, Ұлытау қазақ баласының ұлт ұясы екендігі жадыңызда тұрады.

Шерлі бабамыздың тағы да Жерұйық іздеп шыкса нақ осы жерге қайтып оралатынына сенесіз.

Осы жерге келгенде оқырман өз тарапынан параллель жүргізе бастайды.

Бұл алап еліміздегі бірден бір үлкен пұшпақ. Екі қаладан, екі ауданнан тұрады. Ұлытау облысы деп аталады.

Облыстың қазіргі жағдайы кісі қызығарлықтай емес.

Осыған қарап, Шерлі бабамыз шынымен Ұлытау биігінде жатыр ма деп еріксіз ойланасыз.

Мифологиялық, әпсаналық-аңыздық, тарихи кейіпкерлер табиғатын тану қазір мүмкін еместей көрінеді. Алайда, Өмір ағамыз сәуле түсіру сорабын сол кейіпкерлер тобына салады. Олардың қатарында, әрине, Қожанәсір Өпенде, Алдар Көсе, Жиренше Шешен, Атымтай Жомарт және басқалары бар.

Осындағы Жиренше бабамызды автор «Түйе баққан Жиренше» деп алады. Тілмәр бабамызды түйе бақтырғанын түсінуге болады. Көшпелі халықпыз деп ишаралағаны ғой. Оның үстіне қассақ балалары ешкінің өзін жанға қақпаған.

Қазақ баласының жағдайы сол кездің өзінде жаман болмаған. Ел әлі жаяулап жүргенде сақ балалары түйе үстінде жүрген. Демек Иемізге бір табан болса да жақын жүрген.

Жиренше бабамыздың істемеген кәсібі қалмаған болар. Солардың қайырлығы түйекештік деп білген. Оның өзінде хан келесінің басыпшы болған. Хан мен қарашы арасы тату болғанымен, ортаға елдің айдапсалма сөзі араласып, Жиренше айдалада жалғыз қалады.

Хан десерленіп, Жиренше тәубесіне келген шығар деп бопсалап келсе, Шешеннің екі аяғы лашығынан шығып жатыр дейді. Құлақ салса:

– Хан сарайындай боз үйім, – деп әндетіп жатады.

Нусыз, сусыз жерде бұл күнін қалай көрді деп хан еріксіз ойланады.

Нөкерлерін салса Шешен айтыпты:

– Қайғысыз қара суға семіреді, – деп.

Содан хан Жиреншені өзіне бас уәзір қылып алады.

Автор бұл жерде де параллель жүргізуге мәжбүрлейді.

«Іс тетігін кадр шешеді деген» тәмсіл осылайша атойлап алдыңнан шығады.

Жә, осымен ат басын іркейік. Қалың оқырман қалғанын өзі тауып алар. Автордың «Тәберік» аталатын осынау кітабы уақытпен таласа туған туынды деп білемін.

Қазір не көп – қауіп көп. Су қауіп, от қауіп...

Көрші қауіп...

Өртке қарсы өрт салатынымызды ұмытпайық,

• БРИФИНГ

Әділ бәсеке әлеуетті арттырады

Аймақтық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз жиынында Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Таңшолпан Жанабаева өңірлік нарықтағы монополиялық тәуекелдерді тежеу, әділ бәсекені қалыптастыру және әр саладағы баға саясатын қадағалау бойынша биыл атқарылған ауқымды жұмыстарды жан-жақты тарқатты. Таңшолпан Ерубайқызы департаменттің жыл бойғы қызметі облыстағы тұтынушылардың құқығын қорғауға, кәсіпкерлер арасындағы тең мүмкіндіктерді нығайтуға және экономикадағы ашықтықты арттыруға бағытталғанын атап өтіп, негізгі нәтижелер мен алда тұрған міндеттерге қоса тоқталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Спикер ең алдымен көпшілікті жиі толғандыратын сауалға кідірді. Салалық департамент баға реттеушісі емес, әрі әлеуметтік маңызы бар тауарлардың құнын белгілемейді. Негізгі міндеті – нарықтағы адал бәсекенің сақталуын қадағалау, әрнені теріс мақсатта пайдалану белгілерін дер кезінде анықтап, монополиялық әрекеттерге тосқауыл қою. Ведомство жұмысы екі бағытта өрбиді. Бәсекелестікті дамыту және оны қорғау. Соңғысы көбіне қатаң шараларды талап етеді. Ал, биыл департамент төрт ірі даулы мәселенің түйінін тарқатып, нүктесін қойған. Әрқайсысы өңірдің нарықтық ахуалына ықпал еткен мәнді жайттардан.

– Алғашқысы болса, «Қарағанды Жарық» компаниясына қатысты екі жылға созылған іс. Бұл шағым қарапайым ғана арыздан бастау алған. «Азия» ЖШС электр есептегіш құралдарын орнату нарығына кіруде шетін кедергілерге тап болған. «Қарағанды Жарық» тарабына жолданған нұсқаулық орындалмай, тек Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шешімі дауды доғарып, департамент әрекеттерін заңды деп таныды. Компанияға қатысты нұсқама орындалып, монополиялық табыстың бес пайызы көлеміндегі айыппұлды төлеу үдерісі жүзеге асуда, – деді ведомство басшысы.

«Сарыарқа» әуежайына қатысты істе авиациялық керосиннің бөлшектік нарығына жүргізілген талдау кезінде құжаттардағы сәйкессіздіктер көзге түскен. Ұсынылған мәліметтер нақты нарықтық бағам динамикасын көрсетпей, жалпы көрініске түзету енгізілген. Монополиялық тұрғыда жаңа баға қою фактісі расталмағанымен, жалған ақпарат бергені үшін әуежай әкімшілігі заңды жауапкершілікке тартылып, айыппұл толық көлемде өтелген. Департамент басшысы ең күрделі істердің біріне «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы өкілдерінің сатып алу үдерістеріне қатысқан

компаниялар арасындағы ықтимал картельдік келісімдерді жатқызды. Анығында «Райский ЗТ», «Армстрой» атты бірнеше серіктестік ұзақ уақыт бойы конкурстарға жұп болып қатысып, өтінімдерді бір күнде тапсырып келген. Мұндай «жүйелілік» күдік тудырмай қоймайды. Департамент мамандары келісілген әрекет белгілерін анықтады. Сол компаниялардың бірі департамент шешімімен келісе, екіншісі сотқа жүгінген. Іс әлі жалғасын табуда көрінеді.

– Авиациялық персоналды медициналық тексеруден өткізу қызметіне қатысты іс те назардан тыс қалған жоқ еді. «Аэропарк» ЖШС осы қызметті көрсетуге толық рұқсаты бар жалғыз ұйым болып шықты. Мұндай монополиялық жағдай бағалардың Алматыдағы ұқсас қызметтерден жоғары болуына әкелген. Департамент тарабы тіркелген жағдаятқа байланысты екі нұсқама берді. Оның заңдылығын сот жағы да растады. Құқықбұзушылыққа қатысты әкімшілік хаттамалар қарастырылу үстінде. Әлбетте, осы орайда әр істің тексеру амалдарына дейін жетпейтіні де қоса айтылды. Жұмыстың маңызды тұсы – алдын алу сипатындағы ескертулер. Биылға төрт ескерту жасалып, бәрі де ерікті негізде орындалған. Демек, нарықта адал бәсекені қалыптастыруда маңызды қадам жасалғаны, – деп тұжырды ойын Таңшолпан Жанабаева.

Квзимемлекеттік секторға жүргізілген бақылау да ауқымды болды. 102 ұйымның қызметі тексеріліп, нәтижесінде 55 нұсқама шығарылды. Көпшілігі орындалған, қалғандары орындалу кезеңінде. Сонымен қатар, барьерлер жөніндегі кеңес жұмысы туралы мәлімет берілді. Мұнда кәсіпкерлер, азаматтық қоғам өкілдері және мемлекеттік органдар тарабы бірлесіп, нарыққа кіруге кедергі келтіретін әкімшілік әрі реттеушілік тосқауылдарды анықтап, жоюға атсалыспақ. Келелі кездесуді қорытындылай келе, департамент басшысы ведомство жұмысы әрі қарай да заңдылық, дәлелділік және серіктестік қағидатын ұстанатынын атап өтті.

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Талдау. Тәуекел. Жоспар

Аймақтың табиғи қорын қорғау саласы биыл өрт қаупі кезеңін айтарлықтай сындарлы жағдайда өткерген болса керек. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен тақырыптық брифингте өрт маусымының қорытындылары мен 2026 жылға дайындық барысы безбен басына тартылып, сала өкілдері атқарылған жұмыс пен алдағы міндеттер турасында мәлім етті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев сөз алды. Бахтияр Жұматайұлы биылғы маусымда өңірдің мемлекеттік орман қорында 15-ке жуық өрт тіркелгенін, жер-жердің жағрапиясы да әр алуан болғанын атап өтті.

– Қорғалжын қорығы, Қарағанды орман шаруашылығы және Қарқаралы ұлттық паркі – жалын шарпыған негізгі ошақтар. Өрт атаулысының басым бөлігі найзағай салдарынан тұтанған. Жалпы, 487 гектар жер зақымданды, оның ішінде, ағаш өскіндері бар аумақ небәрі 8 гектарды құрайды, – деді спикер.

Мәнін жоймас маңызды бағыттардың бірі – тартп пен талап бұзушыларға шара қолдану. Биыл 10 әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл көлемі 550 мың теңгеге жуықтаған. Бахтияр Санбаев мырза негізгі мәселелердің қатарына

минералды белдеулерді уақытылы күтіп ұстау мен диспетчерлер даярлығының жеткіліксіздігін жатқызды. «Сонымен бірге, техникалық база нығайып келеді. Орман қорғау мекемелері қажетті құрал-жабдықпен толық қамтылды», – деп қосты басқарма басшысы.

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бөлімінің басшысы Марат Рахматулин өрттен сақтану инфрақұрылымын дамыту жайын баян етті. Марат Сабырұлының айтуынша, өңірде алты жаңа өрт сөндіру стансасының құрылысы жүріп жатыр: төртеуі Қарқаралы паркінде, біреуі «Бұйрату» паркінде, тағы бірі Қорғалжын қорығында. «Биыл 18 жаңа бейнебақылау камерасы орнатылып, автоматтандырылған анықтау жүйелерінің тиімділігі артты. Бұл қауіп нысанын ерте анықтаудың ең сенімді тетігі», – деп ескерді Марат Рахматулин. Өрт қаупі кезеңінде бақылауды

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЖИ-ді ақылмен қолданған жөн

Мұғалімнің әр сабағында білім мен шығармашылық тоғысады. Мұндайда жасанды интеллект көмекке келіп, заманауи платформалар арқылы сабақ мазмұнын түсіндіру мұғалімдерге қиынға соқпайды.

Шет ауданы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі, 2021 жылдың «Үздік педагогі» Айгерім Бөлкенбаева жасанды интеллекттің мүмкіндігі шексіз екеніне көзі жетіпті. Өзі де сабақ барысында ЖИ платформаларын пайдаланып, нағыз көмекшіге айналдырған екен.

– Жасанды интеллект – менің тұрақты көмекшім. Сабақ жоспарын Magic school арнайы платформасы автоматты түрде жасап береді. Тіпті, дәптер тексеру, тест құрау секілді уақыт алатын жұмыстар үшін соған жүгінем. Бірақ, ЖИ ұсынған нұсканы сол күйінде пайдалануға болмайды. Оны өңдеп, сыныптың деңгейіне, өзімнің сабақ беру стиліме бейімдеймін. Кез келген технологияны ақылмен қолдана білу керек. Академиялық адалдықты басты назарда ұстаған жөн, – деді білікті мұғалім.

Бұдан басқа мәтін жазу, тақырыпқа сай деңгейлік тапсырмаларды Diffit me платформасы дайындап береді екен. Айгерім Дәулетиярқызы авторлық әдіс ретінде оқушылардың визуалды ойлауын дамытатын суреттер жасауды қолға алыпты. Оны Bing Image Creator платформасы жасап береді.

Алғашқыда ЖИ технологияларын өз бетімен үйренген мұғалім өз тәжірибесін, жасаған жұмысын «Үздік педагог» атты жеке YouTube арнасына жүктеп, әріптестеріне бөлісіп отырады.

– ЖИ саласындағы дамуым тоқтап қалған жоқ. Уақыт өте келе



Игорь Сады

«Өрлеу» орталығы ұйымдастырған жасанды интеллект бойынша арнайы курстан өтіп, жаңа құралдармен жұмыс істеуді үйрендім. Қазір мәтін, презентация, тест жасаумен қатар мультфильм жасайтын интеллекттерді де пайдаланып жүрмін. Мысалы, HeyGen, Pika Labs, Animaker секілді платформалар балаларға шағын анимациялар көрсетуге, сабақтағы проблемалық сұрақты визуалды түрде шешуге мүмкіндік береді, – деді ол.

«Жасанды интеллекттің пайдасы неде?» деген сұраққа жаттанды жауап дайын ғой. Ал, ұстаз оның әлсіз тұстары да бар екенін жасырмады. Мәселен, интернетке тәуелділік және ұсынылған контенттің бәрі бірдей педагогикалық талапқа сай келе бермейтіндігі. Бірақ бұл кемшіліктер оны тиімді қолдана білу мәдениетінен туындайтынын айтты.

– Әр мұғалім технологияны қолданғанда өз қолтаңбасын сақтай білуі қажет. Жасанды интеллект балалардың қызығушылығын оятуға, өзімді кәсіби тұрғыда дамытуға үлкен мүмкіндік береді, – деді ұстаз.

Бүгінде ЖИ-мен жұмыс істеуді бизнеске айналдырғандар көп. Мұны әлеуметтік желіден байқап жүрген боларсыз. Жарнама-сы желіні жарып тұр. Өз бетімен

оқығысы келетін мұғалімдер қалтасынан ақша шығарып, үйреніп жатыр. Пайдасы да жоқ емес секілді, оны пікірлерден-ақ байқайсың.

Ал «Өрлеу» білікті арттыру ұлттық орталығының Қарағанды облыстық филиалының директоры Мейрамгүл Жетпісбаева «Өрлеудегі» курстардың халықаралық стандарттарға сай жасалғанын әрі мұғалімдер үшін әрқашан тегін екенін айтты.

«USTAZGA AI» – жаңа жоба

«AMANAT» партиясы мен Оқу-ағарту министрлігі бірлесіп, педагогтерді жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдануды үйрететін «USTAZGA AI» атты жаңа жобаны іске қосты. Президент тапсырмасы аясында жүзеге асқан жоба педагогтің нағыз көмекшісі болмақ. Яғни, мұғалімдердің жұмыс жүктемесін азайтып, білім сапасын арттыруға және ел бойынша тең цифрлық мүмкіндіктер ұсынуға мүмкіндік береді.

Тың жоба жуық арада «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында таныстырылған болатын. «USTAZGA AI» жобасы 3 кезеңді қамтиды. Алғашқыда тегін онлайн-курстар

Қайғылы жағдай қайталанбауы үшін...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік осал отбасылар үшін қауіп деңгейі әлдеқайда жоғары. Мұндай үйлерде пештер ескі, мұржалар сирек тазаланады, ал сымдар ондаған жылдар бойы ауыстырылмаған болуы мүмкін.

Қаражат тапшылығы қауіпсіздік құралдарын сатып алуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан мемлекет тарапынан

датчиктерді тегін орнату өте маңызды. Бұл әсіресе өңірлерде қайғылы жағдайлардың алдын алуға айтарлықтай ықпал етеді.

Мамандар қауіпсіздікті арттыру үшін бірнеше басым бағытты нақтылап отыр. Ең алдымен, пеш пен мұржаның тазалығын жүйелі түрде бақылау қажет. Мұржа бітелген жағдайда түтін үй ішіне қайтып, уланым қалу қаупі туындайды. Сондай-ақ, улы газ датчиктері әр үйде бо-

луы тиіс. Бұл құрылғылардың тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденген.

Жылыту маусымы басталар алдында үйлерді толық техникалық тексерістен өткізу де аса маңызды. Пештің тартымын тексеру, сымдардың тозуын анықтау, газ құрылғыларының дұрыс орнатылғанына көз жеткізу – қайғылы жағдайлардың алдын алатын қадамдар.

Әлеуметтік осал отбасылар-

ды тегін қауіпсіздік құрылғыларымен қамтамасыз ету – тек әлеуметтік қолдау шарасы емес, бұл адам өмірін құтқаратын әрекет.

Қауіпсіздік мәдениеті – бірнеше күндік түсіндіру жұмыстарымен ғана қалыптаспайтын, қоғамның санасына терең орнығуы қажет құндылық.

Әр отбасы өз үйінің қауіпсіздігі үшін жауапты екенін сезінуі тиіс.

Сурет автордан



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

күшейту – төтенше жағдайлар департаментінің тікелей міндеті. Брифинг барысында облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқарма бастығының орынбасары, азаматтық қорғау майоры Құрмет Жүмекенов те сөз алып, 22 шілде мен 28 тамыз аралығында ТЖД және ескері бөлімдердің механизацияланған жасақтары күшейтілген

кезекшілік атқарғанын жеткізді. «Жауапты кезеңде күштер мен техникалар тәулік бойы дайын тұрды. Жедел әрекет ету уақыты қысқарып, өрт ошақтарын оқшаулау жылдамдады», – деді Құрмет Рахметұлы.

Тілсіз жаудың алдын алуда авиацияның рөлі ерекше. Атаулы бағыттағы жұмыстарды «Қазавиа-орманқорғау» РМҚК Қарқаралы

авиациялық бөлімшесінің бастығы Тимофей Плотноков хабарлады. Тимофей Владимировичтің айтуынша, бөлімше 156 мың гектар орман қорының әуедегі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

«2025 жылы біз 210 сағаттан астам ұшу жұмыстарын орындадық. Әуе рейдтері барысында сегіз өртті анықтап, оның алтауын десантшылар тікелей әуеден

түсіп, негізгі күш жеткенше оқшаулады», – деді спикер. Әр ұшу кезінде үш-төрт маман бортына мініп, өрт ошағын дер кезінде сөндіруге мүмкіндік алған. Келер маусымға дайындық басталып та кетті. Авиациялық құрам толық жасақталған, мамандар медициналық тексеруден өтеді. Қыс кезеңінде техника мен құрал-жабдықтар жаңартылмақ. 2026 жылға 330 сағаттық әуе патрулі жоспарланған. Қазіргі таңда су төгетін жаңа үлгідегі құрылғыларды пайдалану мүмкіндігі қарастырылуда көрінеді.

Сонымен қатар, келесі жылдың ең маңызды міндеттерінің бірі – орман алқаптарын барынша қалпына келтіру. Бірнеше орман шаруашылықтарында 600 гектар аумаққа шамамен 1 миллион көшет отырғызу жоспарлануда. Өрттен зардап шеккен 20 гектарға қарағай егу жұмыстары жүргізіледі. Осылайша, биылғы өрт қаупі кезеңі мамандардың үйлесімді жұмысының арқасында тастуың қалыпта өткен. Ал, алдағы маусымда жүйелі жұмысты одан әрі жаңғырту, қауіп ошақтарын ерте анықтау технологиясын күшейту әрі орман алқаптарын қалпына келтіру шаралары кең көлемде жалғаса түспек.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

QR-код арқылы ақпарат алыңыз

Қарағанды облысының прокуратурасы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында құқықбұзушылықтың алдын алуға арналған QR-кодтар әзірледі. Халықты ақпаратпен кенінен қамту үшін QR-код қоғамдық көліктерге, білім беру мекемелеріне, мемлекеттік мекемелерге және басқа да халық көп шоғырланатын қоғамдық орындарға қойылады. Оның мазмұны жаңа өзекті тақырыптармен және бөлімдермен толықтырылып отырады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Қарағанды облысының прокуроры Бауыржан Мырзақеровтің төрағалығымен автобус парктері, есептеу-сервис орталықтарының басшылары, еріктілер және мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде таныстырылды. Жиында QR-кодтарды орналастыру және тарату мәселелері талқыланды.

QR-кодты дайындаудағы мақсат – халыққа маңызды құқықтық ақпаратты ыңғайлы әрі жедел жеткізу. Азаматтарға интернет-алаяқтық, есірткі қылмыстары, дропперлік, жол қауіпсіздігі, жанжал жағдайлары және интернеттегі этика туралы негізгі мәліметтерді қамтитын қысқа иллюстрацияланған брошюралар әзірленді, – деді Қарағанды облы-

сы прокурорының бірінші орынбасары Ержан Бердібеков.

Халықтың кең ауқымын қамту үшін QR-кодтар адам көп жиналатын орындарға, ойын-сауық нысандарына, қоғамдық көліктерге және коммуналдық ұйымдардың түбіртектеріне қойылады.

Облыстық прокуратураның бірінші басқарма бастығы Алмас Бекмағамбетов QR-код арқылы тұрғындар мүлкіті қорғау, отбасы-тұрмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық, жасөспірімдер арасындағы про-филактика және киберқылмыс туралы ақпараттармен таныса алатынын айтты. Сондай-ақ, тұрғындар аймақ прокуратура-сының телеграм-арнасына өтіп, «Они психологи», «Закладчики» сияқты деректі фильмдерді көре алады.



– QR-кодтарды біздің қызметкерлер жасады, ешқандай шығын болған жоқ. Қазіргі жастар заманауи әрі креативті. Олар қысқа ақпарат мен бейнелерді тез қабылдайды. Сондықтан, QR код арқылы өтіп, қысқаша түсіндірмемен таныса алады. Менің ойымша, кім-кімнің де құқықтық сауаты болса, жағымсыз жағдайлардан аулақ болады, – деді Қарағанды облысы прокуратурасының бірін-

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ші басқарма бастығы Алмас Бекмағамбетов.

Жиынға қатысушыларға «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында іске асырылып жатқан шаралардың негізгі бағыттары таныстырылып, өңірдегі қылмыстық ахуал бойынша өзекті мәселелер талқыланды.

Суретті түсірген
Әсет ҚАМСЫЗҰЛЫ



Еске алу

Ғылым өлкесінің өкілі

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор **Болат Қоңырұлы ҚАСЕНОВТІҢ** өмірден мезгілсіз озғанына міне 40 күн де болды.

Болаттың нағыз ғалым ретіндегі ғұмыры жастарға үлгі-өнеге боларлық. Қазақ ауылының қарапайым отбасынан шыққан ол үлкен ғылым жолын қатардағы лаборанттықтан бастап, барлық сатылардан абыроймен өтті. Өзінің табиғи дарындылығы мен еңбекқорлығының арқасында термодинамика саласының беделді ғалымы болып еліміздің, алыс-жақын шетелдердің ғылыми ортасында танымал, әрі сыйлы болды. Өріптестерінің, дос-жолдастарының арасында өзіне тән сыйластығын, қарапайымдылығын сақтай білген, өзгелерге өнеге болатын «сегіз қырлы, бір сырлы» ел азаматы болды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Қоңырұлы Қасеновтің отандық ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі, отырыстың жұлдызы болған жарқын бейнесі достарының жүрегінде мәңгілік есте сақталады.

Еске алушылар: **Сағынғали-Әлия, Даниял-Айман, Рысбек-Нәсіп, Бикен, Жұмағайша, Нескен, Айдос-Сәуле, Асылбек-Зәуреш, Қуат-Шарбат**

№426

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Заң бұзылса, жауапкершілік бар

Мемлекеттік қызметшілер еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау, тиімді еңбек жағдайлары және әлеуметтік-құқықтық қорғалуға толық құқылы. Осы талаптардың сақталуын қадағалау мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бірқатар тексерулер жүргізіп, бірнеше маңызды мәселені анықтады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» заңға сәйкес, мемлекеттік қызметшілер жыл сайын 30 күндік ақылы еңбек демалысын және екі лауазымдық айлыққа мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы алуға тиіс. Сондай-ақ, демалысқа төлемақы қызметкер демалысқа шығардан үш күн бұрын аударылуы міндетті.

Алайда талдау нәтижелері 293 қызметшіге төлемақы заңда көрсетілген мерзімнен кеш берілгенін көрсетті. Төлем тек демалыс басталғаннан кейін ғана жүргізілген.

Заңның 57-бабы мемлекеттік қызметшілердің іссапар шығындарын міндетті түрде өтеуді талап етеді. Дегенмен, департамент тексерісі нәтижесінде 1177 қызметшінің жолақысы, тәуліктік шығындары және тұрғын үй жалдауы кешіктірілгені анықталды.

Бұл бұзушылықтар Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, мемлекеттік органдардың басшыларына заң талаптарын қатаң сақтау туралы ескерту жасалды. Департамент жыл бойы қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту фактілеріне мониторинг жүргізді. Тексеру ұйымдарға бару және қол жеткізуді бақылау жүйесін талдау арқылы жүзеге асырылды. 2025

жылдың 10 айының қорытындысында 133 қызметшінің құқығы тынығу сағаттарын беру арқылы қалпына келтірілді.

Сонымен бірге, өңірде 36 қызметші икемді жұмыс кестесімен еңбек етуде. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға оң әсер етіп отыр.

Мемлекеттік қызметшілердің ғана емес, қарапайым азаматтардың да құқықтарын қорғау – департаменттің басты міндеттерінің бірі. Азаматтардан және қызметшілерден түскен өтініштер негізінде жүргізілген тексерулер нәтижесінде 9 азамат пен 4 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуы – олардың кәсіби міндеттерін тиімді атқаруына тікелей ықпал ететіні анық. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын нығайтып, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырады.

Б.МАКЕЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары,
Әдеп кеңесі хатшылығының менеджерісі

Көп оқығанның ойы терең

Үштөбе ауылындағы Мәдениет үйінде «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында Үштөбе тірек мектебінің ұйымдастыруымен магниттік мектептер, ұстаздар, оқушылар және ата-аналардың қатысуымен мазмұнды кездесу өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқырман мәдениетін қалыптастыру, оқушылар мен ересектер арасында көркем әдебиетке қызығушылықты арттыру және рухани құндылықтарды насихаттау.

Кездесуге облыстық Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім менеджері, облыстық «Кітап оқитын ұлт» жобасының «Мектеп» санаты бойынша жауапты менеджері Жұпар Жақан және «Білім беру ұйымдарының үздік педагог» төсбелгісінің иегері, жоба аясындағы «Педагог» санатының жауапты менеджері Мөлдір Әлжанова арнайы қатысты.

Жиын барысында қатысушылар «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын педагог» және «Кітап оқитын әулет» санаттарына енгізілген 15 кітап бойынша мазмұнды талдау жасап, ой-пікір алмасты, шығармалардағы адамгершілік, рухани құндылықтарды талқылады. Оқушы Айерке Өсербаеваның белсенділігі ерекше көзге түсті. Ол 15 кітаптың ішінен 5 кітапты толық оқып шығып, кештің шырайын кіргізді. Оның ойын еркін жеткізуі, жүргізушілік қабілеті мен әдебиетке деген қызығушылығы



көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Үштөбе тірек мектебінің тарих пәні мұғалімі Алтынай Саттыбекқызы Бауыржан Момышұлының «Наша семья» шығармасына терең әдеби талдау жасап, тыңдаушылардың зор ықыласына ие болды. Сонымен қатар, «Кітап оқитын мектеп» санаты бойынша 6 «А» сынып оқушысы Даяна Мейрам өз оқыған кітабына ерекше, жан-жақты талдау жасап, шығарманың мазмұнын терең түсінгенін көрсетті. Оның сөйлеу мәдениеті мен ой-пайымы

жиылған қауымға жақсы әсер қалдырды. «Кітап оқитын әулет» санатында мектеп оқушысы Кәусар Ерсеннің әжесі Ермек апа және Айерке оқушымыздың әжесі Бакыт Темірбекқызы отбасының кітап оқу дәстүрімен бөлісіп, жас ұрпақ тәрбиесіндегі бірлесіп кітап оқудың маңызын айрықша атап өтті.

Бұл мазмұнды шара – ата-ана, ұстаз және оқушы үштігінің ортақ оқырмандық мәдениетін қалыптастыру арқылы қоғамның рухани әлеуетін арттыруға бағытталған игі бастаманың

жарқын көрінісі болды. Кездесу қатысушыларға тың серпін беріп, «Кітап оқитын ұлт» жобасының мектептерде жүйелі түрде жалғасуына негіз қалады.

Махаббат ИБРАЕВА,
Үштөбе тірек мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Айнагүл МУКУШЕВА,
кітапханашы, орыс сыныптары бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сурет автордан



Жаңалық
әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyyq.kz/>



Электрондық
пошта:
ortalyyk.kaz@mail.ru

Жан азығы

Жақсы кітап – жан азығы, ақыл мен білімнің кені, өмірді айнасы. Кітап оқыған сайын адамның көңілі нұрланып, жүрегіне жылулық пен ізгілік құйылады және кім-кімді де рухани бай қылады. Сондықтан болар, халқымыз сөздің тобықтай түйінін тарқатып, «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген. Бүгін мен өзіме қатты әсер еткен шығармалардың бірі – Ақсәлеу Сейдімбектің «Күзеуде» повесі туралы айтпақпын.

Бұл туындыда табиғат пен адам арасындағы үйлесім, адам жанының тазалығы бейнеленеді. Достүрлі мал шаруашылығындағы қазақтың өмірі, еңбегі пен тұрмысы шынайы суреттеледі. Шығармада ауыл өмірі көркем сөзбен өрнектеліп, ауыр қайғыда да бір-біріне жанаушы болар жандардың тірлігі

мен іс-әрекеті ашыла түседі.

Кітап – рухани байлықтың кілті болса, мен үшін «Күзеуде» шығармасы сол байлықтың ең шынайы беттерінің бірі бола алды. Шығарманың басты кейіпкері – Рышман ақсақал, Уәкила апа, Құдайменденің ұлы мен «лесниктің» жесірі Торғын. Кітапта еңбекпен өрілген кейіпкерлердің күнделікті тірлі-

гі табиғатпен қатар тыныстайды. Рышман ақсақал – көпті көрген, дана қария. Шығармадағы кейіпкерлерден адамның ең адал қасиеттері мен төзімділігі танылады. Ал, мен үшін көркем туынды еңбекқорлық пен мейірімділіктің мәнін ұқтырды.

Қазақтың «Еңбек түбі – береке», «Адалдық – адамның айнасы» деген тұжырымы осы туындымен үндесіп, үйлесім табады. Мен кітап оқып болған соң да, өзімді шығарманың ішінде немесе ерекше бір әлемде жүргендей сезінемін. Кейіпкерлердің тағдыры мен ойлары көпке дейін санамда жаңғырады.

Кітап маған көп пайдасын бе-

реді, ол менің ой-өрісімді кеңейтіп, жаңа дүниелерді тануға көмектеседі. Әрбір оқыған шығармадан өмірге деген көзқарасымды өзгертетін бір ой түйемін. Кейде қуанып, кейде мұңайып аламын. «Кітап оқыған озады» деп бекер айтпаған. Сондықтан, оқырманға ой салатын кітап оқуға шақырамын!

Гүлім ЕСМҰХАН,
Хасен Сәріпшіұлы атындағы ЖББ мектебінің 10-сынып оқушысы.
Мадина ТОҒАНБАЕВА,
жетекшісі

Шет ауданы


• СУРДЛИМПИАДА

Бесінші күннің сәтсіздіктері

Токио төрінде өтіп жатқан XXV жазғы Сурд-лимпиада ойындарындағы бәсеке күннен-күнге қыза түсуде. Байрақты бәсеке басталғалы Қазақстан құрамасы алты алтын, екі күміс және бес қола медаль жеңіп алған еді. Жарыстың бесінші күнінде ұлттық құрама сапындағы облыстық мүгедектер спорт мектебінің тәрбиеленушілері Диас Кенжебек пен Давид Петлеван жарыс жолын бастады. Олар жүзу спортынан өнер көрсетіп, өкінішке қарай жарыс жолын медальсіз аяқтады.

Жалпы, жарыстың бесінші күнінде ел құрамасы жеңіл атлетика, үстел теннисі, бадминтон және жүзуден өнер көрсеткен болатын. Жеңіл атлетикада балға лақтырудан финалдық бәсекеде отандасымыз Андрей Набоков 37 м 08 см көрсеткішпен V орынға тұрақтады. Ал, әйелдер арасында ақтық бәсекеде өнер көрсеткен Елена Путинцева 32 м 43 см көрсеткішімен VIII орынға табан тіреді.

Жүзу спортынан құрама спортшылары барлығы жеті қашықтықта өнер көрсетті. Олардың қатарында Диас Кенжебек 100 м шаңкалап жүзу мен 50 м баттерфляйда, Давид Петлеван болса 400 м еркін жүзуде



бақ сынаған еді. Өкінішке қарай, жерлестеріміз іріктеу кезеңдерінен өте алмады. Сонымен қатар, Медет Тельманов пен Софья Закутняя сынды отандасымыз да осы спорт түрінен бақ сынап, көңіл көншітерлік нәтиже көрсете алмады.

Ерлер арасында 4x100 м эстафетасында Диас Кенжебек, Даниил Барановский, Давид Петлеван және Медет Тельманов өнер көрсеткен болатын. Ақтық бәсекеде 4:01,18

секунд көрсеткіш тіркеп, нәтижесінде VIII орынға табан тіреді. Әйелдер арасындағы 4x100 м эстафетаның финалдық сынында Лиана Рогачева, Галия Кабулда, Софья Закутняя және Мария Сотникова 4:54,69 секунд нәтижесімен олар да сегізінші сатыдан орын тепті.

Үстел теннисінен жекелей разрядта отандастарымыз Елена Мазуренко, Күлжамила Адилова, Лаура Табажанова, Абылай Бүркіт-

бай іріктеу кезеңінен өте алмады. Ал, бадминтоннан аралас жұптық сайыста жарыс жолына шыққан Виктор Волков пен Анда Айдарқызы және Дидар Есбергенов пен Салима Бақытова жұбы қарсыластарынан жеңіліп, жарыс жолынан шығып қалды.

Айта кетейік, жарыстар 26 қарашаға дейін жалғасады.

Сурет parasport.kz сайтынан

• ТУРНИР

Асық ойнаған озар

Қарағандыдағы №36 жалпы білім беретін мектепте «Ziatkerlik Modernizasiya» жобасы аясында 5-6 және 7-8 сынып оқушылары арасында «Асық ату», «Бес асық» турнирі өтті. Бұл іс-шара ұлттық ойындарды дәріптеп, атадан қалған аманатты жас бұынға жеткізу мақсатында ұйымдастырылған. Әрі жасөспірімдердің бойында ұлттық рухты оятып, зейінін, ойлау қабілетін дамытуға бағытталды.

Жалпы, асық ойыны екі алаңда өтті. Бірінші алаңда ұлдар асық атып, шеберлігін көрсетсе, екіншісінде қыздар «Бес асықтан» бақ таласты. Турнир қорытындысы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы «Асық ату» бәсекесінде Ә.Бөкейхан атындағы мектеп оқушылары I орынды жеңіп алды. Олан кейінгі сатыға №53 мектеп-лицейі командасы табан тіресе, үздік үштікті Абай атындағы мектеп-гимназиясы түйіндеді. Ал, 7-8 сыныптар арасындағы бәсекеде Ж.Ақбаев мектебі I орын иеленсе, II орынды №14 мектеп-гимназиясы, III орынды №85 мектеп командасы еншіледі.

Қыздар арасындағы «Бес асық» сайысы да тартысты өтті. Нәти-

жесінде, 5-6 сынып оқушылары арасындағы бәсекеде М.Жұмабаев атындағы гимназиясы топ жарды. Күміс жүлде Абай атындағы мектеп-гимназиясына бұйырса, №74 мектептің оқушылары коланы місе тұтты. Ал, 7-8 сыныптар арасындағы бәсекеде №53 мектеп-лицейінің командасы жеңісті қолдан бермеді. Б.Момышұлы атындағы мектеп командасы II орын еншілесе, III орынға №36 мектеп командасы тұрақтады.

Осы бәсекеде ерекше көзге түскен спортшының бірі – №14 мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы Нұрасыл Қуандық. Командастарымен керемет өнер көрсетіп, турнирдің күміс жүлде-



герлері атанды.

– Кішкентайымнан аулада асықты көп ойнағанымнан болар, қыр-сырын менгеріп қалыппын. Біздің мектепте асық үйірмесі бар. Онда барлық жағдай жасалған. Үйірме жетекшісі Дархан Қанай ағайдың жетекшілігімен мектепте достарымызбен шеберлігімізді шындап жүрміз. Бұл жарыс біз үшін зор

тәжірибе болды. Командастар жұмылып, сәтті өнер көрсеттік. Осындай турнирлер жиі өтсе екен дер едім, – деді жас спортшы.

Турнир соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы марапат табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» сұрмергенінің шеберлігі

Хоккейден Азия чемпионатының ойындары басталды. Қазақстан ұлттық құрамасы алғашқы кездесуін Оңтүстік Кореяға қарсы өткізіп, 4:2 есебімен жеңіске жетті. Бұл кездесуде құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық «Сарыарқа» клубының қорғаушысы Иван Степаненко бірінші болып есеп ашты. Әрі матч барысында хет-трик авторы атанып, ойынның «Үздік ойыншысы» атанды.

Қос құрама 2023 жылдан бері төрт мәрте кездескен көрінеді. Оның үшеуінде отандастарымыз жеңіске жетіпті. Ал, биылдыққа екінші мәрте кездесуі. Жыл басында Харбинде өткен Азия ойындарында бір топқа түскен. Сол уақытта отандастарымыз қарсыластарын жолда қалдырып, топтық кезеңнен I орынмен шығады. Осы жолы да қос қарсылас Азия чемпионатының топтық кезеңінде тағы қарсылас атанды.

Қос команда арасындағы кездесудің бірінші айналымы тартысты өтті. Екі команда да үнемі

шабуылдаумен болды. Бірақ, ойынның ортасына дейін есеп ашылмады. Осы сәтте ойынның 10-минутында отандастарымыз қапталдаып шабуылға қайта шығып, есеп ашты. Ұлттық құраманың Азия чемпионатындағы бірінші шайбасын қорғаушы Иван Степаненко салды. «Сарыарқа» қорғаушысы бұнымен тоқтап қалған жоқ, 22-минутта әріптесі Максим Мусоровтың берген пасын қақпаға бағыттап, ойындағы екінші шайбасын салды. Осылайша Иванның соққан екі шайбасымен есеп 2:0-ге



жетіп, отандастарымыз жеңіске бір қадам жақындай түскен.

Бірақ, корейлықтар араға екі минут салып, есеп алшақтығын

қысқартты. 32-минутта қарсылас команда шабуылшысы Қазақстан қақпашысын қапы қалдырды. Бұдан кейін шабуылдар мен соққылар

нәтижесіз аяқталып, соңында екінші айналым да өз мәресіне жетеді. Есеп – 2:1.

Ал, үшінші айналымда отан-

алмады. Керісінше, алаң иелері қарқын алып, жауапсыз екі гол тіркеді. Осылайша олар кездесуді өз пайдасына шешіп кетті.

Қарымта матчтың алғашқы бөлігі жерлестердің еншісіне жабылды. Таблодағы көрсеткіш – 2:1. Алайда, үзілістен кейін ойын тізгінін атыраулықтар өз қолына алып, үш бірдей гол салды. Ал, «Тұлпар» тек бір голмен ғана жауап қайырып, жалпы есепті өзгертуге қауқар таныта алмады.

Қазіргі таңда «Тұлпардың» жағдайы мәз емес. Чемпионаттың плей-офф кезеңіне жолдама берілетін үздік сегіздіктің қатарынан түсіп қалды. Дегенмен, жерлестерге деген үміт сөнген жоқ. Алда әлі біраз ойын бар. Сол кездесулерде жеңіске жетіп, плей-оффқа жолдама алады деген сенім мол.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

дастарымыз мұз айдынына тың күшпен оралды. Нәтижесінде, 42-минутта – Роман Старченко, 47-минутта Иван Степаненко осы кездесудегі үшінші шайбасын салып, есепті 4:1-ге жеткізді. Ал, қарсыластар ойынның аяқталуына екі минут қалғанда жауап ретінде екінші шайбаларын салып, ойын 4:2 есебімен аяқталды.

Жалпы, бұл топта Жапония, Қытай және Оңтүстік Корея елінің құрамасы топтасқан. Статистикаға көз жүгіртсек, ұлттық құрама үшін қарсыластар аса бір қиындық тудырмайды-мыс. Олай дейтініміз, бұған дейін де кездесіп, жеңіп жүрген үйреншікті қарсыластары. Сондықтан, отандастарымыз бұл топтан да сүрінбей көш бастап шығады деп сеніммен айтуға әсте болады.

Сурет Қазақстан хоккей федерациясының сайтынан

Бетті дайындаған Ербол ЕРБОЛАТ

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 495 №129 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
---	--	---	---	--